

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{JOURNALS}

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 4

31 ДЕКАБРЯ 2024

Астана, Казахстан



lrc-els.com



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

31 декабря 2024 г.
Астана, Казахстан

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-3-5
УДК 376.37

СТЖД-3 ДЕҢГЕЙ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МАХАМБЕТОВА АЛИЯ БЕРДЕХАНОВНА

Ғылыми жетекші, аға оқытушы, PhD Қазақ Ұлттық Қыздар Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АСАН АЙСАУЛЕ АНАРБАЙҚЫЗЫ

Қазақ Ұлттық Қыздар Университеті, Арнайы педагогика мамандығының 2-курс
магистранты, Алматы қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақалада СТЖД-3 деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту мақсатында ертегі терапиясының элементтерін қолдану әдістері ашып айтылады. Ертегі терапиясының баланың тілін дамытуда, оның сөздік қорын байытуда, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әдістемелік құралдар ретінде түрлі ертегі кейіпкерлері мен сюжеттерін қолдану арқылы баланың эмоционалды және когнитивтік дамуына ықпал етудің тәсілдері ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері мен әдіс-тәсілдер, ертегілердің балалардың сөйлеу процесіне әсері айтылады.*

***Кілт сөздер:** СТЖД-3 деңгей, мектеп жасына дейінгі балалар, байланыстырып сөйлеу, ертегі терапиясы, тіл дамыту, сөйлеу дағдылары*

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СВЯЗНОЙ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОНР-3 УРОВНЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕМЕНТОВ СКАЗКОТЕРАПИИ

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются методы использования элементов сказкотерапии для развития связной речи детей дошкольного возраста с ОНР-3 уровня. Показана важная роль сказкотерапии в развитии речи ребенка, обогащении его словарного запаса и формировании навыков связной речи. Предлагаются методические приемы, направленные на влияние на эмоциональное и когнитивное развитие ребенка через использование различных сказочных персонажей и сюжетов. Также обсуждаются результаты исследования и методы, а также влияние сказок на процесс речи детей.*

***Ключевые слова:** ОНР-3 уровень, дети дошкольного возраста, связная речь, сказкотерапия, развитие речи, речевые навыки*

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF CONNECTED SPEECH IN PRESCHOOL CHILDREN WITH SPEECH AND LANGUAGE DISORDERS LEVEL 3 USING ELEMENTS OF FAIRY TALE THERAPY

***Abstract .** This article discusses methods of using elements of fairy tale therapy to develop the coherent speech of preschool children with ODD-3 level. The significant role of fairy tale therapy in developing a child's language, enriching their vocabulary, and forming coherent speech skills is demonstrated. Methodological tools are proposed, which influence the emotional and cognitive development of the child through the use of various fairy tale characters and plots. The research findings and methods are also discussed, along with the impact of fairy tales on children's speech development.*

Keywords: ODD-3 level, preschool children, coherent speech, fairy tale therapy, language development, speech skills

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту — олардың когнитивтік және әлеуметтік дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Сөйлеу және тіл дамуындағы кешігулер әсіресе СТЖД (Сөйлеу және тіл дамуындағы бұзылыстар) бар балаларда жиі байқалады. СТЖД-3 деңгейі — бұл балалардың сөйлеуінде елеулі қиындықтар болатын жағдай. [3] Сөйлеу дамуының бұл деңгейі балалардың жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуына теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан сөйлеу дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Осы деңгейдегі балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін арнайы әдістемелер мен түзету жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Бұл мақалада ертегі терапиясының СТЖД-3 деңгейіндегі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудағы тиімділігі қарастырылады. [2] Ертегі терапиясы — бұл баланың тілін дамыту мен эмоционалды жағдайын түзету мақсатында қолданылатын әдіс. Ертегілер балаларға өз ойларын жинақтап айтуға, сөздік қорын байытуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Ертегі терапиясының әдіс-тәсілдері мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ерте жастан бастап балалар ертегілерді тыңдап, оларды талдай отырып, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнау балалардың эмоциялық жағдайын реттеп, әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Ғалымдар ертегі терапиясын сөйлеу мен тіл дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде мойындайды, өйткені бұл балаларға ойларын жинақтап айтуға, эмоцияларын білдіруге, әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді [1]

Зерттеу барысында СТЖД-3 деңгейіндегі 5-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгі балаларды зерттеу объектісі ретінде алдық. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында ертегі терапиясының түрлі элементтері қолданылды. Бұл әдіс бірнеше кезеңнен тұрды:

1. Ертегі тыңдау: Балаларға таңдалған ертегілер оқылып, олардың мазмұны бойынша сұрақтар қойылды. Бұл кезеңде баланың тыңдап, түсіну және өз ойын сөзбен жеткізу қабілеті бағаланды.

2. Ертегі құрастыру: Балаларға ертегі кейіпкерлерін пайдаланып, өздері ертегі құрастыру ұсынылды. Бұл тәсіл баланың ойлау қабілетін, сөйлеу дағдыларын дамыта отырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

3. Ертегі бойынша рөлдерге ену: Балалар ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін өздері ойнап, сөйлеу дағдыларын қолдану арқылы сөйлемдерді байланыстырып айтуға үйренді.

Зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдерге балалардың сөйлеу дағдыларын бағалау үшін арнайы тесттер, бақылаулар және психологиялық сауалнамалар кірді. Сонымен қатар, зерттеу барысында әрбір балаға жеке тәсілдер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері ертегі терапиясының балалардың сөйлеу дағдыларына оң әсерін тигізгенін көрсетті:

1. Сөйлеу дағдыларының дамуы: Ерекше тілдік қиындықтары бар балалардың сөйлеу жылдамдығы мен сөздік қоры өскені байқалды. Олардың сөйлеуіндегі грамматикалық құрылымдар жақсарып, сөйлемдерді дұрыс байланыстыру қабілеттері артты. Балалар өз ойларын жүйелі түрде айтуға, күрделі сөйлемдер қолдануға бейімделді.

2. Эмоционалды даму: Ертегі кейіпкерлерінің рөлдеріне ену балалардың эмоциялық жағдайын жақсартып, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытты. Бұл балалардың өз ойларын ашық және сенімді түрде білдіруге ықпал етті. Ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын имитациялау балалардың эмоциялық тұрғыда өркендеуіне ықпал етті.

3. Когнитивті даму: Еркін сөйлеу арқылы балалар өздерінің ойлау және шығармашылық қабілеттерін жетілдірді. Еркінірек сөйлеу, жаңа сөздер мен ұғымдарды қолдану балалардың когнитивтік дамуына оң әсер етті. Әр түрлі ертегілер арқылы балалар логикалық ойлау қабілетін дамытып, шындыққа сай ұғымдарды қолдануды үйренді.

Қорытындылай келе, ертегі терапиясы СТЖД-3 деңгейіндегі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда тиімді құрал ретінде қолданылатынын айтуға болады. Бұл әдіс балаларға сөйлеу дағдыларын дамытуға, тілін байытуға, логикалық ойлау қабілеттерін жақсартуға көмектеседі. Зерттеу нәтижелері ертегі терапиясының балалардың сөйлеу процесіне оң әсер ететінін және олардың эмоционалды, когнитивтік және әлеуметтік дамуына ықпал жасайтынын көрсетті. Бұл әдіс болашақта балалардың сөйлеу және тіл дамуындағы кешігулерді түзету үшін кеңінен қолданылуы мүмкін. Ертегі терапиясы — бұл тіл дамуының кешігуін жеңілдету үшін баланы жан-жақты дамытуға бағытталған әдіс болып табылады. Әсіресе, СТЖД-3 деңгейіндегі балалар үшін бұл әдіс тілдік қабілеттерін жетілдіруде таптырмас құрал бола алады. Болашақта ертегі терапиясын мектепке дейінгі мекемелерде кеңінен қолдану үшін арнайы әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу ұсынылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кушнерова А. Т. «Ертегі терапиясы және балалар психологиясы», 2015. – 34-38 беттер.
2. Петрова Б. А. «Балаларды сөйлеу терапиясымен дамыту», 2018. – 102-105 беттер.
3. Сүлейменова С. С. «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту: теория және практика», 2019. – 58-63 беттер.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-6-11

ӘОЖ 37.013.2

ПРАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ БАКАЛАВРЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

САЛЫБЕКОВА НУРДАНА НУРТАЕВНА

phD, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

НҰҒМАН РОЗА МЕЙРАМҚЫЗЫ

магистр, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақала практикалық дайындық барысында бакалаврлардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесін зерттеуге арналды. Білім беру процесін модернизациялау жағдайында практикалық дайындық білікті мамандарды даярлауда шешуші рөл атқарды. Мақалада модельдеу технологияларын, PBL әдістерін және TBL тәсілін қолдану сияқты практикалық дайындықты ұйымдастырудың заманауи әдістері қарастырылды. Кәсіби дағдылар мен құзыреттерді дамытуға негізделген тәжірибеге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға ерекше назар аударылды. Зерттеу нәтижелері практикалық дайындыққа жүйелі көзқарас бакалаврлардың кәсіби құзыреттілігін тиімді дамытуға ықпал еткенін көрсетті. Мақала жоғары білім сапасын жақсартуға мүдделі оқытушыларға, әдіскерлерге және зерттеушілерге арналған.*

***Тірек сөздер:** кәсіби құзыреттілік, практикалық дайындық, бакалаврлар, білім беру технологиялары, PBL, модельдеу технологиялары, кәсіби дағдылар, жоғары білім.*

Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби қызметті сәтті орындау үшін қажетті білім, білік, дағдылар, жеке қасиеттер мен тәжірибелер жиынтығы. Бұл маманның кәсіби міндеттерді тиімді шешу, өзгерістерге бейімделу және алған білімдерін нақты жағдайларда қолдану қабілетін көрсетеді. Кәсіби құзыреттілік теориялық білімді, практикалық дағдыларды және тұрақты оқыту мен дамуға дайындықты [1, 11346] қамтиды.

Бұл термин технологияларды, әдістерді және құралдарды меңгеру сияқты кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар жауапкершілік, бастамашылық, стресске төзімділік және топтық жұмыс қабілеті сияқты жеке сипаттамаларды қамтиды. Сондай-ақ, бұл сыни ойлау, аналитикалық қабылдау, қарым-қатынас және белгісіздік жағдайында шешім қабылдау сияқты дағдыларды дамытуды білдіреді.

Кәсіби құзыреттілік біліктілік ұғымымен тығыз байланысты, бірақ өзінің серпінділігімен ерекшеленеді: бұл маманның уақыт пен кәсіби орта талаптарына сәйкес білімі мен дағдыларын жаңарту және кеңейту қабілетін болжайды [2, 3576]. Кәсіби құзыреттілікті дамыту тек ресми оқытуды ғана емес, сонымен қатар бейресми білім беруді, тренингтерге, мастер-кластарға қатысуды, сондай-ақ практикалық тәжірибе жинақтауды талап етеді.

Технологиялық және әлеуметтік прогрестің жылдам қарқынымен сипатталатын қазіргі жағдайда кәсіби құзыреттілік маманның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторына айналады. Ол оның күрделі міндеттерді шешу, әріптестермен, басшылармен және клиенттермен тиімді қарым-қатынас жасау, сондай-ақ кәсіби саладағы инновациялар мен процестерді жақсартуға үлес қосу қабілетін анықтайды.

Үнемі дамып келе жатқан қоғам жағдайында техникалық және ақпараттық прогрестің әсерінен жоғары деңгейде кәсіби құзыреттілікке ие жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттілігі артып келеді. Бұл факт жоғары биологиялық білімге тікелей қатысты. Биологиялық бағыттағы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әлі де қажетті көрсеткіштерге сәйкес келе бермейді. Бұл мәселе осы бағыттағы педагогикалық жұмыс әдістерінен бастау

алады. Биолог студенттерді оқыту процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану жағдайды құтқара алады, олардың интерактивті сипаты студенттердің кәсіби пәндерді оқуға деген қызығушылығын қолдайды және күшейтеді.

Биологиялық пәндер жоғары кәсіби біліктілікті алу және одан әрі қолдау үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыру негіздерін қамтитын күрделі көп қырлы ғылыми кешен болып табылады.

Осыған байланысты, жоғары оқу орнында білім алған алғашқы жылдардан бастап биолог студенттер кәсіби пәндерді тереңдетіп оқуға бағытталуы керек. Бұған студенттердің бүкіл оқу уақытында оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру және қолдау бойынша сапалы, сауатты педагогикалық жұмыс ықпал етуі мүмкін.

Шын мәнінде білікті мамандарды даярлау мәселесі бүгінде бүкіл әлем бойынша көтерілуде. Онымен XVI ғасырдан бастап жетекші педагогтар айналысады, алайда зерттеулердің басым бөлігі XX ғасырға — XXI ғасырдың басына келеді.

Бұл саладағы негізгі зерттеулер Н.М. Верзилиннің, В.В. Половцовтың және басқалардың [3, 196] еңбектерінде көрінеді. Әдістеменің ғылым ретінде дамуы бастапқыда зерттелген бағытта әдістемелік тұжырымдарды, оқытушылардың жеке тәжірибесінің нәтижелерін жалпылайды, педагогикалық өнерді ғылыми негізі бар теориялық талдауларға береді.

Осылайша, жоғары оқу орнындағы екінші және үшінші курстарда биологиялық бағыттағы студенттердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау және оны әрі қарай дамыту бойынша диагностикалық іс-шараларды үнемі жүргізу қажет.

Биология пәні бойынша кәсіби құзыреттіліктерді дамытуда PBL [4], TBL және модельдеу әдістерін қолдануға болады.

Зерттеу барысында біз ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде білім алушы үшінші курс студенттерінің құзыреттілік деңгейін анықтау үшін кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі қолдандық. Жалпы респондент саны – 67.

Зерттеу олардың білім, білік және дағдыларын зерттеуге арналған тапсырмалар мен сұрақтар негізінде жүргізілді. Зерттеу нәтижелері төмендегідей болды:



Сурет-1 – Кәсіби құзыреттіліктердің алғашқы деңгейі

Зерттеу негізінде 10 практикалық және зертханалық сабақтар талданды. Зерттеу 60 күн ішінде жүргізілді, бұл оқу сабақтарының жеткілікті санын қамтуға және үлгіні өкілдік етуге мүмкіндік берді.

Таңдалған әдістеме бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерінде студенттердің 37%-ында кәсіби құзыреттердің базалық қалыптасу деңгейі анықталды (25 студент), жоғары деңгейде – 8% (5 студент), төменгі деңгейде – 55 % (37 студент).

1-суреттен көріп отырғанымыздай, зерттеу нәтижелерін толығымен қанағаттанарлық деп атауға болмайды, өйткені пәндердің көпшілігі тек шекті деңгейде кәсіби құзыреттерге ие, бұл, әрине, олардың қалыптасуының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Бұл ЖОО-да педагогикалық жұмыста пәндік-бағдарлы тәсіл басым болып табылатындығымен түсіндіріледі, яғни бірінші кезекте білім алушылардың тиісті санаттарына қолжетімді пән бойынша ақпаратты сапалы жеткізуге көңіл бөлінеді. Оқу бағытын таңдауға байланысты студенттің мотивациясы бастапқыда жоғары деңгейде болды деп болжалды. Әрі қарай, биологияны зерттеудің бастапқы таңдауы бүкіл оқу барысында осы бағыттағы қызметке қызығушылықты сақтауды білдірмейді. Осының салдарынан биологиялық бағыттағы салаларда кәсіби міндеттерді орындау үшін жеткілікті құзыреттері жоқ мамандардың болуы қалыптасады [5, 1076].

Мұның алдын алу үшін студенттермен жұмыс барысында жоғарыда аталған тәсілдерді қолдана отырып, зерттеудің екінші кезеңі ұйымдастырылды. Алғашқы үшінші аптада модельдеу тәсіліне басымдық берілді.

Модельдеу технологиялары – бұл білім беру процесінде шындыққа мүмкіндігінше жақын жасанды түрде қайталанатын жағдайларды жасау үшін қолданылатын инновациялық құрал. Бұл технологиялар студенттерге әртүрлі сценарийлерді, жағдайларды немесе процестерді модельдеуге мүмкіндік береді [6, 376], бұл теориялық тұжырымдамаларды тереңірек түсінуге және практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Модельдеу технологиялары күрделілік деңгейіне және қолдану саласына байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

Компьютерлік модельдеу – процестерді немесе құбылыстарды модельдейтін интерактивті бағдарламалар. Мысалдарға инженерлік есептеулер, экологиялық модельдеу немесе бизнес-процестерді басқару жатады.

Физикалық тренажерлер – белгілі бір жабдықтың немесе органның жұмысын имитациялайтын құрылғылар. Мысалы, жүрек-өкпе реанимациясын үйретуге арналған манекендер.

Виртуалды шындық (VR) – толық цифрлық ортада тапсырмаларды орындау үшін үш өлшемді кеңістікке енуге мүмкіндік беретін технологиялар.

Толықтырылған шындық (AR) – нақты әлемнің қоршаған ортаға әсер ететін сандық элементтермен үйлесуі.

Модельдеу технологияларын қолдану кәсіби дайындық деңгейін арттыруға белсенді ықпал етеді, өйткені студенттер әрекеттерді бірнеше рет қайталай алады, қателіктерді талдай алады және нәтижелерді жақсартып алады. Сонымен қатар, мұндай технологиялар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады, оны интерактивті және қызықты етеді.

Келесі үшінші аптада PBL әдісі қолданылып, зерттеу жүргізілді. PBL (Problem-Based Learning) немесе проблемаларды шешуге негізделген оқыту студенттердің аналитикалық ойлауын, тәуелсіздігін және білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи оқыту әдісі болып табылады. Бұл тәсіл терең талдауды, ақпаратты іздеуді және шешімдерді әзірлеуді қажет ететін нақты немесе модельденген проблемалық жағдайларды зерттеуге негізделген. Биологияда PBL қолдану [7, 2316] әсіресе маңызды, өйткені бұл ғылым күрделі табиғи процестерді, экожүйелердегі өзара әрекеттесуді, генетикалық заңдылықтарды және антропогендік факторлардың қоршаған ортаға әсерін зерттеумен тығыз байланысты.

PBL көмегімен биологияны оқыту процесінде студенттер пәнаралық білімді қолдануды және өз зерттеулерін жүргізуді талап ететін міндеттерге тап болады. Мысалы, Олар климаттың өзгеруінің белгілі бір экожүйеге әсерін зерттей алады, түрлердің жойылу себептерін талдай алады немесе биологиялық қауымдастықтарды қалпына келтіру әдістерін ұсына алады. Бұл

тәсіл олардың зерттелетін материалға деген қызығушылығын оятады, зерттеу және практикалық дағдыларды дамытады, сонымен қатар топта жұмыс істеуге және өз шешімдерін дәлелдеуге үйретеді. PBL биологиялық процестерді терең түсінуге ықпал етеді, өйткені студенттер тек теориялық материалдарды жаттап қана қоймай, оларды іс жүзінде белсенді қолдану арқылы игереді.

Сонымен қатар, бұл әдіс сыни тұрғыдан ойлау мен тәуелсіздіктің маңызды дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Биологиялық мәселелерді шешу үшін жұмыс жасай отырып, студенттер ақпаратты құрылымдауды, негізгі аспектілерді бөлектеуді, ғылыми дереккөздерді іздеуді және алынған мәліметтерді түсіндіруді үйренеді. Қойылған міндеттерді шешу барысында олар күрделі жағдайларды талдауда құнды тәжірибе жинақтайды, бұл оларды биология саласындағы нақты кәсіби сын-қатерлерді шешуге дайын етеді. PBL пайдалану сонымен қатар биоәртүрлілікті сақтау, биотехнологияны дамыту және табиғи ресурстарды басқару сияқты өзекті биологиялық және экологиялық мәселелерге назар аударуға мүмкіндік береді. Осылайша, PBL – бұл студенттердің білімін тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар биология саласындағы табысты кәсіби қызмет үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыратын қуатты құрал.

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде TBL әдісін қолдану арқылы келесі үш аптаны өткіздік. TBL (team-Based Learning) немесе командалық жұмыс негізінде оқыту – бұл топтық өзара әрекеттесу және тапсырмаларды бірлесіп шешу арқылы студенттерді оқу процесіне белсенді тартуға бағытталған педагогикалық әдіс. TBL студенттер теориялық материалды оқып қана қоймай, оны нақты мәселелерді шешу үшін ұжымда жұмыс істей отырып, іс жүзінде қолданған кезде оқыту тиімдірек болады [8, 46016] деген идеяға негізделген. TBL әдістемесі әсіресе терең талдауды, сыни ойлауды және биология сияқты ынтымақтастық қабілетін қажет ететін пәндерге қатысты.


Биологияда TBL қолдану теориялық білімді практикалық дағдылармен біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер экожүйелерді зерттеу бойынша топтарда жұмыс істей алады, әртүрлі факторлардың биологиялық әртүрлілікке әсерін талдай алады, зерттеулерді жобалай алады немесе биологиялық процестерді модельдей алады. Оқытудың бұл түрі студенттердің ғылыми және зерттеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар командада жұмыс істеу, рөлдерді бөлу, компаға келу және өз жұмысының нәтижелерін ұсыну қабілетін дамытады. Топтық тапсырмалармен жұмыс жасай отырып, студенттер әртүрлі көздерден ақпаратты синтездеуді, деректерді талдауды және күрделі биологиялық мәселелердің оңтайлы шешімдерін табуды үйренеді.

TBL-дің негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның құрылымы, оған жеке дайындық, топтық жұмыс және бірлескен талқылау кіреді. Сабақ басталмас бұрын студенттер теориялық материалды оқиды, содан кейін практикалық мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмаларды орындау үшін топтарға біріктіріледі. Бұл тек зерттелгенді нығайтуға ғана емес, сонымен бірге талқылау және бірлесіп шешім қабылдау арқылы материалды түсінуді тереңдетуге мүмкіндік береді. Биологияда мұндай тапсырмалар эксперимент деректерін талдауды, экологиялық жобаларды әзірлеуді, генетикалық нәтижелерді түсіндіруді немесе экожүйелердегі организмдердің өзара әрекеттесу үлгілерін зерттеуді қамтуы мүмкін.

Биологияны оқытуда TBL қолдану ғылыми немесе қолданбалы салада жұмыс істеу үшін қажетті негізгі құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Жұмыстың ұжымдық сипаты арқылы студенттер тиімді қарым-қатынас жасауды, идеялармен бөлісуді және бірлескен стратегияларды әзірлеуді үйренеді, бұл әсіресе биологиялық зерттеулерде жиі қолданылатын пәнаралық тәсіл жағдайында маңызды. Оқытудың бұл әдісі оқушылардың ақпаратты өз бетінше іздеу, сыни тұрғыдан түсіну және нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, TBL олардың пәнге деген қызығушылығын оятады, оқу процесін серпінді және ынталандырады, нәтижесінде олардың дайындық деңгейі мен кәсіби қызметке дайындығы артады. Осылайша, TBL студенттердің болашақта сұранысқа ие болатын пән мен практикалық дағдыларды терең түсінуін

қалыптастыра отырып, биологияны оқыту сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Зерттеу жұмысының келесі бөлігінде жоғарыда аталған үш әдістің негізінде студенттердің кәсіби құзіреттілігінің дамуы зерттелді. Нәтижелер төмендегідей болды:



Сурет-2 – Зерттеуден кейінгі көрсеткіштердің өзгерісі

2-суретте көрсетілгендей, зерттеу нәтижелерін талқылау модельдеу технологияларын, PBL және TBL әдістерін қолданудың студенттердің кәсіби құзыреттілігіне айтарлықтай әсерін көрсетеді. Диаграммалар оң өзгерістерді көрсетеді: біліктілігі төмен студенттер санының төмендеуі және базалық және жоғары деңгейдегі студенттер үлесінің өсуі. Бұл деректер заманауи білім беру технологияларын енгізу Бакалаврларды даярлау сапасын жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді.

Модельдеу технологиясы біліктілігі төмен студенттер санын азайтуда ең жоғары тиімділікті көрсетті. Оны қолданар алдында 37 студент осы деңгейде болды, содан кейін олардың саны 15-ке дейін азайды. Сонымен қатар, базалық және жоғары деңгейдегі студенттер санының өсуі байқалды, бұл талдау және тәуелсіз шешім қабылдау дағдыларының дамуын көрсетеді.

Оқу процесінде нақты мәселелерді шешуге бағытталған PBL әдісі де айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Оны қолданар алдында құзыреттіліктің төмен деңгейінде 37 студент болды, содан кейін олардың саны 13-ке дейін қысқарды. Бұл әдіс студенттерді сыни тұрғыдан ойлау және ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамыта отырып, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыратынын көрсетеді.

Командалық жұмысқа негізделген TBL әдісі құзыреттіліктің жоғары деңгейін арттыруда әсіресе тиімді екендігі дәлелденді. Оны қолданғаннан кейін жоғары деңгейдегі студенттер саны 5-тен 20-ға дейін өсті. Бұл студенттердің қарым-қатынас, үйлестіру және ұжымдық мәселелерді шешу дағдыларын дамытатын оқу процесінде өзара әрекеттесуінің маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері осы білім беру технологияларын қолдану студенттердің кәсіби құзыреттілігін едәуір жақсартатынын растайды. Бұл өзгерістер оқу процесіне тереңірек қатысумен, өз бетінше және ұжымдық шешім қабылдау дағдыларын дамытумен және студенттердің мотивация деңгейін арттырумен байланысты. Мұндай әдістерді енгізу мамандарды даярлау сапасын арттыруға ұмтылатын білім беру мекемелері үшін басымдыққа айналуы тиіс.

Қорытынды. Зерттеу барысында модельдеу, PBL (проблемаларды шешуге негізделген оқыту) және TBL (топтық жұмыс негізінде оқыту) сияқты әдістерді қолдана отырып, практикалық дайындық процесінде бакалаврлардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қарастырылды. Нәтижелер заманауи білім беру технологияларының студенттердің кәсіби дайындық деңгейін жақсартуға айтарлықтай әсерін растайды.

Зерттеу нәтижесінде жоғарыда аталған әдістерді қолдану студенттердің оқу процесіне қатысуын тереңдетуге, олардың мотивациясын арттыруға және табысты кәсіби қызмет үшін қажетті негізгі кәсіби дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететіні дәлелденді. Алынған мәліметтер мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін жоғары білім беру жүйесіне осындай білім беру технологияларын кеңінен енгізу қажеттігін көрсетеді.

Осылайша, қазіргі заманғы оқыту әдістерін бакалаврларды даярлау процесіне біріктіру кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың және қазіргі еңбек нарығының талаптарын қанағаттандырудың қуатты құралы болып табылады деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Zhang H. RETRACTED: Fuzzy evaluation of students' professional competence //International Journal of Electrical Engineering & Education. – 2023. – Т. 60. – №. 1_suppl. – С. 1134-1145.
2. COOK-SATHER A. et al. Pedagogical partnership as professional development for students //The Bloomsbury Handbook of Student Voice in Higher Education. – 2023. – P. 357.
3. Hasanovna H. M. The mechanism of development of professional and pedagogical creativity of future physical education teachers based on a competent approach //ASEAN Journal of Physical Education and Sport Science. – 2023. – Т. 2. – №. 1. – С. 17-22.
4. Chueh H. E., Kao C. Y. Exploring the impact of integrating problem based learning and agile in the classroom on enhancing professional competence //Heliyon. – 2024. – Т. 10. – №. 3.
5. Antonova O. et al. Formation of professional competence of a specialist in a globalized world: Contemporary problems and prospects //AD ALTA. Journal of Interdisciplinary Research. – 2023. – Т. 13. – №. 1. – С. 105-110.
6. Clark M., Miller J. Educational Theories in Simulation-Based Learning // New York: Routledge, 2016. – P. 31-48.
7. Suwono H. et al. The problem-based learning (PBL) of biology for promoting health literacy in secondary school students //Journal of Biological Education. – 2023. – Т. 57. – №. 1. – С. 230-244.
8. Azme N. Enhancing Faculty Development for Effective Team-Based Learning (TBL) Implementation in Higher Education //International Journal of Research and Innovation in Social Science. – 2024. – Т. 8. – №. 3s. – С. 4599-4609.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-12-16
ЭОК 373.3.11

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЛКЕТАНУЛЫҚ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

САРТАЕВА ҰЛБОСЫН ДАРТАЕВНА

Бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Өндіріс ауылы,
Жарылқасын Отарбаев атындағы орта мектеп, Қазақстан Республикасы

***Аннотация:** мақалада бастауыш мектептегі жаратылыстану пәнін оқытудың өлкетанулық мүмкіншіліктері қарастырылды. Туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың көрсеткіштері мен бағыттары анықталды. Өлкетану жұмысының құрылымы бірнеше бағытқа бөлініп, сипаттама берілді. Мақаланы жазу барысында өлкетану материалдарының мазмұндық ерекшеліктерін, дүниетанымдық маңызы мен тәрбиелік мүмкіндіктерін ашуға тырыстық. Өлкетану материалдарын: туған жер табиғаты, өсімдіктері, жануарлары; табиғи материалдар; өлкетану туралы ауыз әдебиеті деп сараланды.*

***Кілт сөздер:** жаратылыстану, өлкетану, дүниетану, тәрбие теориясы, қорықтар, танымжорықтар, экологиялық соқпақ.*

Оқушыларға өлкетану негізінде білім мен тәрбие берудің ерекшелігі, қоршаған табиғи ортаның заңдарын және оны ғылыми тануды есепке ала отырып, табиғи зерделеу мүмкіндігі оқушының тұлға ретінде тұтастықта дамуына мүмкіндік тудырады. Кез келген мектеп пәнін туған өлке, туған қаладағы белгілі адамдар, ғалымдар, жазушылар, өнеркәсіп, өнер, табиғат, деректі мысалдармен түсіндіруге болатынын білеміз. Себебі, оқытуда нақты фактілерді ұғынудан оқушы санасында белгілі түсінік қалыптасады, ойлау логикасы күшейеді, танымдық қызығушылығы артады.

Өлкетану қай кезде де мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып қала береді. Ол оқу материалын нақты фактілермен толықтыру арқылы оқу процесін қызықтыруға әсер етеді, теориялық білімнің түйсікті қабылдауына әсер етеді, мектепті өмірмен байланыстырады. Бүгінгі күні өлкетану негізінде экологиялық білім берудің орны жоғары, дегенмен, өлкетану материалдарын оқу процесінде пайдалану әрбір мұғалімнің міндеті болып табылады. Бұл жұмысқа көптеген педагогтер әлі де дайын емес.

Мектеп өлкетануында екі қарама-қайшы бағыт қалыптасқан:

Біріншіден – оқу-тәрбие процесінде өлкетану материалдарының орнын бағаламаушылық болса, екіншісі – асыра бағалау болып есептелінеді. Бұл екі тенденцияда кері. Ең бастысы, біздің ойымызша, мектеп практикасында өлкетану материалдарын пайдалану оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіреді деп түсінуге болады. Бұл проблеманың психологиялық-педагогикалық талдауынан тұжырымдағанымыз: өлкетану мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жүргізудің мықты құралы, себебі, ол қызықты, жаңа, оңай, сондықтан білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге көмектеседі [1.25 б.].

Туған өлке табиғатын қорғау және оны тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру – Отанға деген сүйіспеншілік сезіммен байланысты. Оның себебі, оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие үрдісіне енгізбейінше, оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ.

Туған өлке туралы нақты білімге негізделе отырып, оқушылар өскен жерінің табиғат құбылыстарын бақылауға төселіп, оның ғажайып сырларын ашады, еңбекке деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді, қоғамына, еліне кішкене болса да пайда келтіруге деген ынтасын

оятып, қоршаған орта заңдылықтары мен құбылыстары жайлы түсінігін кеңейтеді. Өлкетану мектеп пен өмірді байланыстырады. Өлкетанудың тағы бір жетістігі – мұғалімдер мен оқушылардың ізденіс, шығармашылық жұмыстарға тікелей қатысуы болып табылады. Сабақта өлкетану материалдарын пайдалану оқушылардың ерік-жігерін, тәрбиелеп, пәнге деген қызығушылығын артыра түседі; берілген тапсырманы дұрыс орындап, жауапкершілікпен қарауға, алдына қойылған мақсатқа жетудегі табандылық, тапқырлық, шыдамдылық, батырлық, ұқыптылық, байқағыштық сияқты мінездердің құнды сапаларына дағдыландырады. Өлкетану жұмыстары оқушылардың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады, сондай-ақ отаншылдық, адамгершілік, экологиялық, эстетикалық тәрбиесін дамытудың маңызды факторы болып табылады.

| Туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру | | | |
|---|---|--|--|
| Отаншылдық | Адамгершілік | Экологиялық | Эстетикалық |
| Тәрбиелер байланыстылығының көрсеткіштері | | | |
| Отанды, туған өлкені, атамекенді, елді, жерді сүйуге және қорғауға, қадірлеуге тәрбиелейді. | Оқушылардың бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік, батырлық, ар-намыс сияқты адами қасиеттерді қалыптастырады. | Табиғатты және қоршаған ортаны қорғауға, биосфераны сақтауға, тәрбиелейді. | Туған өлкенің табиғаты сұлу, әдемі көріністері арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие береді |

Сызба 1 - Туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру

Өлкетану – туған жер туралы халықтық білім ретінде байырғы заманда пайда болғаны бәрімізге мәлім. Өлкетанудың білім беру сапасын көтеруде ықпалы зор. Ғылыми өлкетану өз алдына туған өлкені толық және жан-жақты тану деген міндет қояды. Өлкетану жұмыстары біріншіден, оқушыларға өлке, Отан, атамекен, халық педагогикасы жайында түсінік бере отырып, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін оятады; екіншіден, оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын педагогикалық шарттарды анықтайды және оны жаратылыстану пәндерін оқытуда іс жүзіне асырады. Ғылыми өлкетану өз алдына туған өлкені толық және жан-жақты тану деген міндет қояды. Оқушыларды зерттеу әрекетіне жұмылдырып, жиналған материалдарды оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. Өлкетану материалдары туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылығын және олардың өзара байланысын қамтиды. Өз өлкесін зерттеу барысында оқушылар қоршаған шындықты түсінеді, дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады, табиғат құбылыстарына бақылау жасайды және еңбекке деген құштарлығы артады. Сонымен қатар әрбір оқушының бойында ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілдік қасиеттері қалыптасады. Өлкетану өскелең ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелейді, оларды өз туған өлкесінің табиғатын білуге, өз халқының тарихын, тегін, тілін, салт-дәстүрін білуге көмектеседі.

Өлкетану жұмысы жеке пәндер бойынша сол пән материалдарының мазмұнына сәйкес орындалады. Бұған фенологиялық, метеорологиялық бақылаулар, туған өлкенің, ауылдың, қаланың тарихын білу, этнографиялық, фольклорлық және архив материалдарын жинастыру, өсімдіктер, жануарлар дүниесі мен пайдалы қазбаларды оқып үйрену, зерттеу, өлкетану мұражайларын ұйымдастыру, т.б. көптеген жұмыстар жатады. Өлкенің өткендегісі мен бүгінгісінің даму тарихын салыстыра келе оқушылар өлкенің бейнесін жан-жақты сипаттай

отырып, халқымыздың еңбегіне сүйсінеді. Өлкетану жұмысының құрылымы мемлекеттік, мектептік және қоғамдық болып 3-ке бөлінеді.

Кесте № 1 - Өлкетану жұмысының құрылымы

| | | |
|----------------------|--|---|
| 1.Мемлекеттік | Өлкетану мұражайы. Ғылыми-зерттеу мекемелері. | Мұражайлық |
| | | Аймақтық |
| 2.Мектептік | Оқу (бағдарламалық) мақсаты мен міндеті оқу бағдарламасында көрсетіледі. | Сабақ үстінде |
| | | Сабақтан тыс |
| | | Өлкетану үйірмесі |
| | Сыныптан тыс (бағдарламалық емес) мақсаты мен міндеті оқу-тәрбие жоспарында көрсетіледі. | Экологиялық соқпақ |
| | | Танымжорық (экскурсия) |
| | | Туристік жорықтар |
| 3.Қоғамдық | Мәдениет үйлері. | Экспедициялар |
| 3.Қоғамдық | Мәдениет үйлері | Туризм |
| | | Балалардың өз күшімен сауықкеш өткізуі. |

Оқушыларға экологиялық тәрбие беру жұмысында экологиялық соқпақтың өзіндік орны бар. Экологиялық соқпақ – бұл табиғат қорғау ісінде экологиялық білім мен тәрбие беруді насихаттауға бағытталған, әрі ақпаратқа толы, ұйымдасқан және белгіленген маршрут. Экологиялық соқпақтың танымдық, тәрбиелік және ұйымдастырушылық маңызы ерекше. Оның балаларға табиғи ортамен дұрыс қарым-қатынас жасай білуді үйретеді. Экологиялық соқпақ ұйымдастырылатын аймақ алдын-ала жан-жақты тексеріліп, оқудағы табиғи жағдайлар ескеріледі, оған қатысқан әрбір оқушының бойында табиғатқа аяушылық, сүйіспеншілік сезімі, дүниетанымы қалыптасады, сол арқылы өз құрбыларына ерекше ықпал жасайды, әрі өз бойында экологиялық мәдениеттілік пайда болады. Әрбір экологиялық соқпақ оқушының қызығатын, әрі қимайтын орнына айналуы тиіс. Экологиялық соқпақ өтетін табиғат алқабында әртүрлі ландшафттар қамтылуы және онда сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлері болуы тиіс. Сонымен бірге экологиялық соқпақ өтетін жер антропогендік әсерлерге ұшыраған алқаптарды да қамтыған жөн, яғни адамдардың қолдан жасаған табиғатқа әсерін анық көрсететін ластанған, эрозияға ұшыраған жер, өртелген орман алқабы немесе дала, т.б. жерлері болса, сол арқылы балалардың көзін жеткізуге болады. Экологиялық соқпақ маршруты шамамен шеңбер немесе тұйықталған жіп тәрізді болып, басталуы мен аяқталуы бір жерде болғаны дұрыс. Экологиялық соқпақ өтетін жер алдын-ала тексеріліп, жергілікті жердің шаруашылық иелерімен келісіп, шарт жасасып, заңдастырылады. Экологиялық соқпақтың түрі 3-ке бөлінеді: оқу экологиялық соқпағы, табиғи танымдық-серуендеу соқпағы және танымдық-туристік соқпақ. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болады [2.44 б.].

Оқу экологиялық соқпақ. Бұл табиғатты арнаулы экологиялық оқытуға мақсатталған маршрут. Олардың ұзындығы 1,5-2 шақырымнан аспауға және оқу танымжорықтарын 3 сағат аралығында өткізуге есептелген. Оқу экологиялық соқпақтар бірінші кезекте әртүрлі оқу орындарында оқитындарға: мектеп, лицей, колледж оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Маршрутты ұйымдастырушы оқытушы-педагог немесе танымжорық жетекшісінің басшылығында болады. Жолсілтегіш бағаналарға және ақпараттық қалқандарға қарай отырып соқпақты өз бетімен жүріп өтуге болады. Оқу экологиялық соқпақтар келушілердің жүріп өтуіне жеңіл болуы керек. Сондықтан да мұндай соқпақтар қаланың рекреациялық аумақтар: бақтар, ормандар, елді-мекендердің жасыл желек

жерлерінен өтеді. Оқу экологиялық соқпақтың негізгі келушілері – оқушылардың, студенттердің ұйымдасқан топтары.

Табиғи танымдық-серуендеу соқпағы. Оның ұзындығы 4-8 шақырымға созылады. Әдетте бұл маршрут қала және шипажай демалыс орталықтарының маңынан өтеді. Демалушыларды бір топқа біріктіріп, танымжорық жетекшісінің басқаруымен 3-4 сағат жаяу жүріспен аралатып, маршрут бойындағы табиғат ерекшеліктерімен, мәдени-тарихи ескерткіштерімен таныстырады. Мұндай табиғи соқпақ бойында туатын сұрақтар, негізінен адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас, өндірістің табиғатқа тигізетін әсері, оны ластауды тоқтату шаралары деген сияқты сипатта болады. Негізінен жылдың жылы кездерінде өтетін танымдық серуендеу соқпақтарынан басқа қыстық соқпақтар да құруға болады. Қазіргі қыста демалудың бұл түрі кең өріс алды, ол шаңғымен серуендеу болып табылады. Қыстық оқу соқпақтары да табиғатты қорғауға, рекреациялық, ақпараттық, танымдық және тәрбиелік мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады.

Танымдық-туристік соқпақ. Оның ұзындығы бірнеше ондаған шақырымнан бірнеше жүздеген шақырымға жетеді. Бұл табиғи соқпақтар халық санының тығыздығы аз белсенді демалыс аймақтарынан және қорықтар мен ұлттық табиғи бақтардың жақын маңдарынан өтеді. Мұндай белсенді демалыстың маңызды жағы кешенді болады. Өйткені қоршаған табиғи ортамен, мәдени және тарихи ескерткіштермен танысу адамзаттың табиғатқа әсерін бағалау, алған экологиялық білім мен тәлім-тәрбиені тәжірибе жағдайына қолдану және үйрену болып табылады. Танымдық-туристік соқпақ негізінен, ғылыми-ақпараттық құндылығы жағынан экологиялық, географиялық және геологиялық болады.

Аталған үш табиғи соқпақтар өзінің маңыздылығы жағынан кешенді болып келеді. Бұл соқпақтарда табиғат құбылыстары мен нысандарды зерттеуге, танып білуге, табиғатты пайдалану мәдениетімен танысуға, экологиялық бағалаудың нәтижелерін қорытуға және келушілерді экологиялық этикаға тәрбиелеуге бағытталған.

Табиғи оқу соқпағы міндетті түрде елді-мекенге жақын жерде орналасып, оған баратын жол қиындық келтірмеуі тиіс. Мысал ретінде Ақсу-Жабағылы қорығын алайық. Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығының тарихи зерттелуі, өлкелік ғылыми-зерттеу нысаны – табиғи ортаның биологиялық әр түрлілігі болып табылатыны айқындалған. Осы мақсаттың келешекте іске асуы үшін мынадай мәселелерді шешу қажет:

1. Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығының табиғи ортасының биологиялық әр түрлілігін зерттеу.

2. Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығының табиғатына экологиялық фактордың тигізетін әсері.

3. Әдіснамалық материалдар негізінде экологиялық соқпақты салудың ұстанымдарын өңдеу және функционалдық бағытын анықтау.

4. Маршруттың өту жерін, оның ұзындығы мен түрін және де маршрутты таңдағанда оның бойындағы танымдық нысандардың жиілігін анықтау.

5. Туристер ағынын реттеуге болатын ұсыныстарды өңдеу, рекреациялық аймақтарында ландшафттарға түсетін салмақты азайту [3.102 б.].

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығында экологиялық табиғи оқу соқпақтарын әдіснамалық материалдарға сүйене отырып, мынадай ұстанымдарды басшылыққа алуға болады:

-соқпақтың ұзындығы үлкен болмауы керек;

-олар танымдық нысандар орналасқан жерден өтуі керек;

-демалушыны шамадан тыс шаршатпай, көңіл-күйін қанағаттандыру қажет.

Оқу өлкетануының жиі қолданылып келе жатқан формасының бірі – табиғатқа, жергілікті елді-мекендерге және өндіріс орындарына жасалатын танымжорық (экскурсия – латын тілінен аударғанда «жол жүру» мағынасын білдіреді). Белгілі педагог, әдіскер Ягодский К.Г. ХХ-ғасырдың басында «танымжорық жүргізудің негізгі мақсаты – оқушыларға тірі заттардың аттарын жаттау емес, табиғатты бақылауға (көруге) үйрету», –

деді. Мұндай танымжорықтар нәтижесінде оқушылар өлкенің басты-басты объектілерімен танысып, айналадағы ортаны қорғауға, зерттеп білуге, дүниетанымын қалыптастыруға және басқа пәндерден алған білімдеріне сүйене отырып, өздерінің байқау, бақылау жұмыстарын жүргізуге, салыстыруға үйренеді.

Оқушыларға экологиялық тәрбие беруде табиғатты қорғау, аялау жұмысында табиғи ортадағы қоғамдық пайдалы еңбектің орны ерекше. Қоғамдық пайдалы еңбек пен тәжірибелік жұмыстарда оқушылар бөлме өсімдіктерін отырғызып, күтіп баптау, сынып бөлмесінің тазалығы, құстарды қоректендіру, гүлдер егу, т.б. жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар мектеп маңындағы жасыл желектерді күту, лас қоқыстарды жинап, тазалау, қыста жолдың қарын күреу, күзде түскен жапырақтарды жинау, т.б. жұмыстарын атқарады.

Танымжорықтың оқушыларға пайдасы:

- 1.Экология, география, биология пәндерінен алған білімдерін толықтыруға әсер етеді.
- 2.Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артып, тек сабақ процесінде алған біліміне сүйенбей танымжорық кезінде алған іс-тәжірибесіне сүйенуіне мүмкіндік алады.
- 3.Табиғатпен, қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынастың арқасында оқушыларда табиғатқа деген сүйіспеншілігі, экологиялық санасы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады.
- 4.Оқушылар табиғат байлықтарын күтіп баптау жөнінде, оларды ұқыпты үнемдеп пайдалану туралы түсінік алады.

Танымжорықтан келгеннен кейін оқушыларға өздерінің көргендерін, білгендерін, алған әсерлерін арнайы жұмыс дәптеріне жаздырып, оларды қоғамдық жұмысқа жұмылдырып, экологиялық білімдерін толықтыру қажет. Танымжорық әлеуметтік, эстетикалық, этикалық, адамгершілік, дене шынықтыру, еңбекке баулу, экологиялық білім берумен қатар оқушылардың белгілі бір пәннен сабақ процесінде алған білімін әрі қарай толықтырып, кеңейтуге мүмкіндігі мол.

Өлкетану жұмысы аздаған энтузиаст мұғалімдердің үлесі ғана болып қала бермей, ендігі жерде оны әрбір мұғалімнің, сынып жетекшілерінің және мектеп-интернат тәрбиешілерінің өмір нормасына айналдыратын уақыт жетті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сарыбеков Н.С. Воспитание любви к природе. –Алматы,1998.
2. Сарыбекова Қ.Н. Жаратылыстануды оқыту әдістемесі.- Тараз,2023.
3. Олжабаев Л.Н. Өлкетану сабақтары. -Шымкент, 2023.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-17-21

ӨОК 373.3.2

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ТАЖИБАЕВА АЛИЯ КЕМАЛОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Өндіріс ауылы,
Жарылқасын Отарбаев атындағы орта мектеп, Қазақстан Республикасы

***Аннотация:** мақалада бастауыш мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халық ертегілерінің алатын орны қарастырылды. Халықтық педагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты біршама теориялық мәселелер анықталды. Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екені, оның түрлері мен тәрбиелік мәні ашылып көрсетілді. Теориялық білімді меңгере отырып, оқушыны адамгершілік жағынан тәрбиелеу жолдары ұсынылды. Халық педагогикасына, оның адамгершілік тәрбиесіне қатысты жүргізілетін тәрбие әдістеріне тоқталып, талқыланды.*

***Кілт сөздер:** ертегі, бастауыш мектеп, халық педагогикасы, батырлар жыры, фольклор, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер.*

Бүгінгі таңда Қазақстан күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңартулар тұсында дамып келеді. Бұл кезеңде рухани адамгершілік дамудың жаңа бағытын айқындау көзделіп отыр. Сондықтан да бүгінгі таңда барлық әлемде, сонымен қатар біздің елімізде де жеке тұлға дамуының қалыптасуына жаңаша көзқараспен қарау айқындалуда. Осыған байланысты дүниежүзілік өркениеттілік қауымдастықта қазіргі адамгершілік тәрбиесінің негізіне оқушылардың және ересектердің тұлғалық дамуына ықпал жасайтын принциптер мен әдістер алынған. Атап айтатын болсақ оларға: байқау, әңгімелесу, шығарма, сұрақ-жауап, тест жүргізу, анкета алу т.б. әдістер жатады.

Президентіміз Қ.-Ж.К.Тоқаев өз жолдауларында: «... білім және ғылым саласында түйінді мәселелерді шешудің төте жолдарын ұсынып, тәрбиенің үш өзекті бағытын айқындады:

- Бүгінгі жастар осы заманның сыншысы да, тарихшысы да болатындықтан жастармен жүйелі жұмыс жүргізуіне баса назар аударды;

- Қазақстанда жүріп жатқан осы ауқымды өзгерістерге байланысты педагогикалық кадрлар дайындау жүйесін құру қажеттігін көрсетті, ең алдымен бүгінгі мұғалім кәсіби білімімен, шеберлігімен қатар, жастарға өзінің бойындағы адалдық, адамдық, тазалық, гуманистік және өз Отанын сүйе білу, ең жоғарғы адамгершілік қасиет сапаларымен ықпал жасай отырып тәрбиелеуі керектігіне мән беру қажеттігін айтты;

- Жастарды адамгершілікке тәрбиелеу сапасын көтеруге негіз болатын мәселе – ол білім және тәрбие беру саласындағы ғылымның дамуымен байланысты. Бүгінгі таңда реформаның тиянақты жедел жүзеге асырылуы мұғалім, тәрбиеші, оқушылардың адамгершілік тәрбиесі туралы ғылыми – теориялық білімі болу керектігін және өзін-өзі дамытудың субъектісіне айналу қажеттігіне назар аударды» [1,2 б.].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты әрбір мұғалім Қазақстан Республикасының үшінші мыңжылдықтағы жаңа әлеуметтік мәдени жағдайына орай, адамгершілік тәрбиесінің мақсатына, мазмұнына, түрлеріне, әдіс-тәсілдерінің ауқымды өзгерістеріне байыптап қарап бағамдау үшін оқушыларға тәрбие берудің тарихи – физиологиялық, педагогикалық проблемеларына аса зор мән берген жөн.

Тәрбие – қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара –қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың сапалы тәртібі мен байымды мінезін қалыптастыру, оған

сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру.

Қазіргі таңда әсіресе, көп көңіл бөлінетін мәселе – адамгершілік тәрбиені күшейту.

Халықтық педагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты біршама теориялық практикалық тәжірибе жинақтау қажет. Ол үшін бастауыш сынып мұғалімдері тәрбиенің басты ұстанымдарын – жалпы адамзаттың құндылықтарды және тұлғаны қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті адам қалыптастыруы тиіс.

Біздердің қазіргі “Халық педагогикасы” деп жүргеніміз, сол ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жиып - терген тәсілдері мен тәрбиелерінің жиынтығы. Олай болса, бұл күллі адамзат мәдениетінің тарихының анасы тәріздес, аса үлкен құбылыс. Сөйтіп дүние жүзіндегі халықтардың тәлімі мен тәрбиесінің бастауын сонау топан су заманынан бастау керек. Сонан бері адамзат баласы басынан талай қилы замандарды кешті. Бертін келе толып жатқан халықтар пайдасы болып, әрқайсысы өзінің тарихы мен мәдениетін жасады. Сол рухани қазыналарға жататын фольклордың ішінде, бүкіл халықтық педагогиканың негіздері айтылады. Ендеше, қазақ халқының жүзден аса батырлар жырында, қаншама ғашықтық дастандарында, небір ғажайып ертегілер мен аңыздарында, тіпті мақал-мәтелдерінде тұнып тұрған адамшылыққа жеткізер тәлім екені анық. Тек мұны жүйелі түрге келтіріп, пәрменді әдістермен ұрпақ тәрбиесіне пайдалануымыз керек [2,52 б.].

Өзіміз көп үміт күтіп отырған жас ұрпақ ата-бабамыздан қалған мәдени мұра халық ауыз әдебиетінің өн бойындағы мәнділігі мен маңыздылығынан, ойшылдығы мен қиялшылдығынан, тапқырлығы мен шешендігінен, әсемдігі мен алғырлығынан тәлім-тәрбиесі мен үлгі - өнегесінен нәр алары анық.

Сан ғасырлар бойы ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге-үлгілері осы уақытқа дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп келеді.

Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны балаларға ол ертегі болмақ. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ ертегілері сан алуан.

Ертегі арқылы айнала қоршалған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды.

Өскелең ұрпақты жан-жақты жетілген адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуде ертегінің алатын орны ерекше. Ертегі адамның қиялына қанат бітіреді. Білмегенді білгенге сүйрейді. Кімдерден, қай кейіпкерлерден аулақ болуды насихаттайды. Бұл өшпес зор туындылар бала болашағының мәнді мақсатты көзқарасын тудырады сөзсіз.

Ертегі әрбір баланың жеке-дара ой дүниесінің ең нәзік белгілерін жанып тегістейтін жанғыш болып табылады, ал сонымен бірге ол балалардың бірінің жүрегін біріне айқара ашады, балалар ұжымында нәзік интеллектуалдың өзара қарым-қатынастарды тудырады. Ертегі шығармалары бұл менің балалармен рухани қатынас жасауымның ең бақытты сәттері, ал балалар үшін теңдесі жоқ ойлану шаттығы.

Табиғат аясында мұғалімнің ойынан туып, аузымен айтылған ертегі балалар үшін жарық сәуле, ол сәуле олардың ми қуысының барлық құпия түкпірлерін шарлайтын жарық сәуле. Олар ертегіге құмартады.

Ертегісіз балалар арасындағы интеллектуалдың өзара қарым-қатынастарды түсіну мүмкін емес, ертегіге әуестенбейінше ұжымдық күйініш-сүйініш болмақ емес, ертегі туындамайынша оймен шабыттанған қуаныш балаға ұғынықсыз.

Мектеп табалдырығын жаңа ғана аттаған балаларды мектеп тартып тұрады, өйткені олар ертегіден ескен теңдесі жоқ сезімдерді ұжымымен бірге сезінгісі келеді. Оларды мұғалім де тартып тұрады, өйткені олар ертегіні содан естиді, ертегіні ұйып тыңдайды. Мұғалім өмір бойы естерінде қалады, ол баланың рухани дүниесінен ең алдымен ертегі ретінде орын алады. Ертегі – бұл кішкентай дән, баланың өмірлік құбылыстарға эмоцияның баға беруі осы дәннен өсіп жетіледі.

Ертегі – бұл ой бесігі, бала тәрбиесін жолға қойғанда, ол осы бесік жөніндегі толғанулық естеліктерді өмір бойы сақтайтындай ету керек.

Ертегі – бұл ойлау ләззаты, ал ертегі шығара отырып, баланың ойлауға өз қабілетін орнықтырады, сол арқылы өзінің ар-намыс сезімін орнықтырады.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А. Байтұрсынов “Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор кедергі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

3. Бұрынғылардың «Сана – саңлау, қалып-салты жағынан дерек беруші үшін керегі бар нәрсе»- деп айтқан болатын. Қазақ халық ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеу жолын алға қояды. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді [3,29 б.].

Батырлар ертегілер мен батырлар жыры ел қорғау жолындағы батырлардың ерлік істерін дәріптей отырып, ел бірлігі мен жұрт тыныштығын сақтап қорғау азаматтық парыз екенін нықтап, жас ұрпақты елжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелейді.

Бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанр түрлерін қолданудың білімдікте, тәрбиелікте мәнінің зор екені сөзсіз.

Жүсіп Баласағұнның “Құтты біліктің” әр сөзі, әр тарау тынысы – адамгершілік, адалдық, қайырымдылық хақындағы өнегелі ойлары әр көкіректе күмбірлеп тұрғандай. Адамгершілік тәрбиесі мен еңбек, ақыл-ой тәрбиесі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Адамгершілік жағынан дұрыс қалыптасқан адам ғана біреуге қамқорлық жасауға дайын тұрады. Адамгершілік тәрбиесі моральдық жағынан кіршіксіз таза, қоғам мүддесі үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген адам даярлау сияқты тәрбиенің жалпы мақсатына бағытталады. Адамгершілік қасиетінің негізгі имандылық пен ізеттілікте. Ал сыйластық, жасы үлкенді сыйлау, сәлемдесу, үлкеннің сөзіне жөнді – жөнсіз араласпау, кісінің алдынан кесе өтпеу, көп алдына дарақыланып күлмеу, есінемеу сияқты қылықтарды жас ұрпақ санасына ақырындап сіңіру қажет. Адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінен, қарым-қатынасынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Осыны ұстанған қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Жастардың жадына “сіз” деген сыпайылық, “сен” деген анайылық, “Адамдықтың белгісі, иіліп сәлем бергені”, “Кішіпейілділіктен кішіреймейсіз”, “Құдай деген күр қалмайды” деген қағидаларды үнемі уағыздаған [4,71 б.].

Сонымен адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі көбіне қарапайым адамдар болып келеді. Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің “Бұрынғы өткен заманда”, “Баяғы өткен заманда”, “Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде” деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес.

Ертегілерде халық басынан кешкен ғасырлар ізі жатыр. Олардың еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, елдік тарихы, қилы-қилы қиын қыстаулары, халықтың мұң-шері, арман-мұраты бейнеленген.

Қазақ ертегілерін академик М. Әуезов үш жанрға бөледі; қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер. Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұңғыық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген.

Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Ертегілерде тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында әділдік пен жауыздық, арасында өрбиді.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі қаскөйде аса үрейлі, жауыздығында шек жоқ жалмауыз кемпір жойқын күш иесі болып бейнеленеді. “Алтын сақа” ертегісіндегі кейіпкерлер жалмауыз кемпір бойында қандай ерен қуат бар, күнәсіз балаға деген қаскөйлігі қандай. Сақасын іліп ала қашқан балаға жете алмасын білген соң, ол бір тісін жұлып түсіреді тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі.

Қиял-ғажайып ертегілердегі мекен жайлар да сиқырлы, жұмбақ әлемі. Адам тек түсінде ғана көрерлік қиял сарайлары. Олар таңғажайып жиһазға толы. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлердің ішіндегі адамға жағымсыз, сұм кейіпкерлер-мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дию сияқты талай басқа да сиқырлы күштер бар.

Солармен қатар адамдарға дос, қиын-қыстау кезде жол табар, ажал аузынан алып қалар, адамның қаскөй күштерді жеңуіне көмектесер жанды тіршіліктер, жансыз заттар да көп кездеседі.

Көп ертегілерде суреттелген әділдік пен жауыздық арасындағы күрес халықтың әділдікті аңсау арманынан туған. Әділдік пен адалдық жолындағы халық ортасынан шыққан қаһарман жалпы адам бақыты үшін ешбір қауіп қатерден тайынбай, үрейлі алып күштерге қарсы айқасқа түседі. Әділеттіктің жақтаушысы ретінде мерген, батыр, айлалы, ақылды адамдар бейнеленген. Олар қарапайым адамдар. Бірақ алдына қойған мақсатты биік, сондықтан да ертегілер көбіне жақсылықпен аяқталады, әділдік жақтаушысы адамның мерейі үстем болумен тынады.

Теориялық білімді меңгере отырып, оқушы адамгершілік жағынан тәрбиеленеді. Егер оқыту мен тәрбиелеу мәселесі осылайша оп-оңай шешілетін болса, оның шешілуі сабақтарда алынатын білімнің мазмұны мен көмегіне байланысты болса, қазіргі адамның, әсіресе жеткіншек ұрпақтың адамгершілігі және саяси идеяларға толы екені соншалық, бұл идеяларды сенімге, жеке адамның рухани игілігіне айналдыру адамгершілік тәрбие міндеттерін шеше алады деседі.

Сондықтан адамгершілікке тәрбиелеу санасы қалыптасуына басшылық ету - демек, оқушыларды этикамен қаруландыру деген сөз. Бірақ, бұл ережелермен келісе отырып, адамгершілікке тәрбиелеу ұғымын қалыптастыру міндеті төменгі сыныптарда толық шешіле алмайды, өйткені балалар өздерінің білім дәрежесі жағынан да, өмір тәжірибесі жағынан да бұған әзірленіп болмаған. Міне сондықтан да төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеп білім беру ең алдымен олардың адамгершілік тәрбие жағынан ұғымы болуын, адамгершілік тәрбиесін сезініп, бұл жөнінен тәжірибеде де болуын керек етеді.

Адамгершілік тәрбиесі түсінігі туралы айта отырып, оқушылар адамгершілік тәрбиесінің негізгі нормаларымен өмірдің айналасындағы, әдебиетті айқын мысалдар арқылы және өмірден алынған өз тәжірибесіне сүйене отырып танысады, бірақ, бұл арада түсіну сезімінің дәрежесіне тән істі талдап қорытуға байланысты болады.

Біз талдап өткен адамгершілікке тәрбиелеудің кемшіліктерін жою мектеп бағдарламаларының мазмұнында ізі қаланған тәрбие берудің мүмкіндіктерін толық және тиімді іске асыруға жағдай жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанр түрлерін қолданудың білімдікте, тәрбиелікте мәнінің зор екені сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» 2 қыркүйек, 2024 ж.
2. Изғұттынова Р. Мектептің бастауыш сатысында қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту әдістемесі. Алматы,, 2017.
3. Ергалиева Г. А. Жалпы адамзаттық құндылықтар: теория мен тәжірибе: монография / Г. А. Ергалиева, Ж. Ж. Нәбиева . - Орал : М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2022.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәнім – тәрбиесі. -Алматы. ”Санат”. 1995.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-22-26

ӘОЖ 004.89:373.3

11-СЫНЫП ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ДАМУ

ҚОЙШЫБАЙ БЕКНҰР ЕРБОЛАТҰЛЫ

Информатика білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

***Аннотация.** Мақалада Қазақстанның жалпы орта білім беру жүйесіндегі информатика пәнін оқытуда жасанды интеллектті оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында жасанды интеллектті оқытуға қатысты заманауи үрдістер талданып, мектеп оқушыларына арналған оқыту материалдарының мазмұны мен әдістемелік тәсілдеріне ұсыныстар беріледі. Зерттеуде ЖИ тақырыбының маңыздылығын атап өтіп, оны 11-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың тиімді әдістерін сипаттайды. Сонымен қатар, Қазақстандағы мектеп білім беру бағдарламаларын ЖИ-ді оқыту талаптарына сәйкестендіру бағытындағы шетелдік тәжірибелер мен инновациялық әдістемелерге шолу жасалады. Бұл зерттеу оқушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға, сыни ойлау қабілетін жетілдіруге және ЖИ саласындағы білімдерін тереңдетуге ықпал етеді.*

***Кілттік сөздер:** жасанды интеллект, информатика пәні, оқыту әдістемесі, білім беру жүйесі, цифрлық дағдылар, орта мектеп, Қазақстандағы білім беру*

Әр кезеңде белгілі бір жүйенің немесе саланың даму эволюциясы болады. Қазіргі уақытта трендке айналған саланың бірі «жасанды интеллект». Бұл сала тек технологияда емес барлық саланы қамтып өзгерістерге әкелуде. Мәселен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысында жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы енді. Аталған қаулыда деректерді жүйелі цифрландыру бойынша көшбасшылар үштігіне мынадай салалар кіреді: білім беру – 81 %, қаржы – 59 %, әлеуметтік қамсыздандыру – 59 % [1, 1 б]. Яғни жасанды интеллектті оқыту білім беру жүйесінде қаншалықты маңызды екенін осыдан – ақ көре аламыз. Осы үшін де таңдалып отырған тақырып өзекті болып табылады. 2023 жылдың мамыр айындағы InCites (Clarivate Analytics) деректері негізінде, 2018–2022 жылдар аралығында қазақстандық ғалымдар "Информатика, жасанды интеллект" тақырыбы бойынша Web of Science Core Collection базасында 191 ғылыми мақала шығарған. Ал шетелдік ғалымдар бұл саланы қазіргі уақытта кеңінен зерттеп, түрлі нәтижелерге жетуде.

Мәселен И.Левченко, А.Садықова, Л.И.Карташова, П.А.Меренкова орта мектеп информатикасында жасанды интеллектті оқыту әдістемесі, оның ішінде оқу мазмұнын әзірлеу және оны мектеп бағдарламаларына біріктіру туралы зерттеу жұмысын жүргізген [2, 265-280 б]. Зерттеуде жасанды интеллектті (ЖИ) мектеп оқушыларына оқыту мәселесі талқыланады. Зерттеуде 5-9 сынып оқушыларына арналған ЖИ курсының мазмұны әзірленіп, Python бағдарламалау тілі арқылы оқушылардың ЖИ құралдарын қолдану дағдылары дамығаны дәлелдеген. Сондай – ақ Sara Guerreiro-Santalla, Francisco Bellas, Richard J. Duro өз зерттеулерінде жасанды интеллектті (ЖИ) орта білім беру бағдарламасына енгізудің әдістемесі мен мазмұны талдаған. ЖИ-ге арналған AI+ жобасының аясында мектеп оқушыларына бейімделген оқу бағдарламасы ұсынды [3, 48 б]. Негізгі назар смартфондарды қолдана отырып, STEM және жобалық оқыту әдістемесіне аударылған. Бағдарламада ЖИ-дің негізгі тақырыптары мен оларды оқушыларға қалай үйрету керектігі қарастырылған. Ал Mota-Valtierra, G., Rodríguez-Reséndiz, J., Herrera-Ruiz өз зерттеулерінде конструктивизм негізінде жасанды интеллектті оқыту әдістерін қолданудың тиімділігін зерттеді [4, 1-18 б]. Теория мен тәжірибені біріктіретін практикалық сессиялар студенттердің жасанды интеллект

концепцияларын түсінуіне ықпал етеді. Авторлар сигналдарды өңдеу, нейрондық желілерді құру және оларды тұрақты даму мақсаттарына бейімдеу әдістерін сипаттайды. Тағы да қызықты зерттеулердің бірін жүргізген зерттеушілер Estevez, J., Garate, G., Lopez-Guede, J. M., Graña, M жасанды интеллектті Scratch платформасы арқылы оқыту әдістемесін ұсынды [5, 1-12 б]. Авторлар 16–18 жас аралығындағы оқушыларға арналған қарапайым алгоритмдер мен нейрондық желілерді оқыту тапсырмаларын әзірлеген. Зерттеу жасанды интеллекттің күрделілігін азайтып, студенттердің математика және бағдарламалау дағдыларын дамытуға бағытталған. Scratch бағдарламалау ортасының визуалды сипаты оқушыларға алгоритмдерді түсінуді жеңілдетіп, жасанды интеллект негіздерін игеруін қолдайтыны анық. Сонымен қатар, мақалада K-means кластерлеу алгоритмі мен нейрондық желілерді үйрету тәжірибесі сипатталған. Бұл әдіс оқушылардың ғылыми-техникалық ойлауын дамытып, білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Danny Xie-Li және Esteban Arias-Méndez STEM білім беру аясында жасанды интеллектті (ЖИ) оқытудың интерактивті әдістемесін ұсынды [6, 45-52 б]. Авторлар Arduino, Raspberry Pi сияқты ашық кодты платформаларды пайдаланып, оқушыларға тәжірибелік тапсырмалар арқылы ЖИ негізгі концепцияларын үйретуді көздейді. Бұл әдістеме оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамытуға және ХХІ ғасырдың мәселелерін шешуге бағытталған. Сонымен қатар, ЖИ-дің этикалық аспектілері, әсіресе инклюзия мен әртүрліліктің маңыздылығы, ерекше атап өтілген. Зерттеу жұмысы STEM салаларына қызығушылықты арттыру және ЖИ оқыту әдістерін жетілдіруге арналған маңызды ұсыныстарды қамтыды.


Көптеген зерттеулерді талдай келе жасанды интеллектті (ЖИ) оқыту әдістемесін әзірлеуде теориялық білімді тәжірибелік қолданумен үйлестіретін көпқырлы тәсілді талап ететінін айқын көре аламыз. Бұл үшін оқу бағдарламасына жобалық оқыту, конструктивизм және ЖИ-дің шынайы өмірдегі қосымшаларын енгізу секілді педагогикалық стратегияларды қосу маңызды.

Ол қалай болуы керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол үшін келесідей негізгі бөлімдерді қарастырып оқу бағдарламаларын құру қажет:

Ең бірінші гуманистік тәсіл: ЖИ-ді оқыту барысында техникалық дағдылармен қатар философиялық және когнитивтік аспектілерді қамту ЖИ-дің қоғамға тигізетін әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді [7, 45-62 б]. Екінші жобалық оқыту: Оқушыларды тәжірибелік жобаларға тарту, мысалы, нейрондық желілерді пайдаланып нақты мәселелерді шешу, олардың ЖИ концепцияларын меңгеруін және қолдану дағдыларын арттырады [8, 89-103 б]. Үшінші конструктивистік әдіс: Теориялық ұғымдарды бекіту және тұрақты даму мәселелеріне назар аудару үшін оқушылардың тәжірибелік сабақтар мен бағдарламалауда өз бетінше білім алуын қолдау қажет [9, 55-70 б].

Ал оқыту құрылымын екі бөлімге бөліп қарастыра аламыз. Біріншісі бейімделетін сабақтар. Мұнда мұғалімдерге сабақтарды оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес бейімдеуге мүмкіндік беретін оқу құрылымы оқушылардың қызығушылығы мен түсінігін арттырады [10, 32-48 б]. Екіншісі машиналық оқытуды интеграциялау. Ал мұнда жасанды интеллектті оқытудың негізгі компоненті ретінде машиналық оқытуды ерекше атап өту оқушыларды болашақтағы есептеу технологияларының сын-тегеуріндеріне дайындайды. Бұл әдістемелер ЖИ-ді оқыту үшін мықты негіз қалайды. Дегенмен, тиімді іске асыру үшін ресурстардың жеткіліктілігі және мұғалімдерді арнайы дайындау сияқты мәселелерді шешу қажет екенін ашып айту маңызды.

Біз осы зерттеу барысында 11 сынып информатикасында жасанды интеллектті оқытуды жетілдіру мақсатында бірнеше бағдарламаларды жіктеп топтастырдық. Бұл бағдарламалар жасанды интеллектті оқытуда практика мен теорияны интеграциялауда өте тиімді болып табылады. Бағдарламалық жіктеуді келесі суреттен көре аламыз:



Сурет 1. Жасанды интеллектті оқытуға арналған бағдарламалық жіктеу


Көріп отырғанымыздай 11 сынып оқушыларына информатика пәнінде жасанды интеллектті оқытуда Orange Data Mining бағдарламасын қолдану тиімді бола алады. Бұл бағдарлама визуалды интерфейсі арқылы деректерді өңдеуді, талдауды және жасанды интеллект модельдерін құруды оңай әрі түсінікті етеді. Оқушылар үшін бұл құрал тек теориялық білімдермен қатар практикалық дағдыларды да дамытуға көмектеседі. Weka — деректерді талдау және машиналық оқытуға арналған танымал құрал. Бұл бағдарлама әр түрлі машиналық оқыту алгоритмдерін, деректерді өңдеуді және визуализациялауды қамтиды. Бағдарламаның артықшылықтарының бірі – визуалды интерфейс арқылы жұмыс істеуге ыңғайлы. Түрлі классификация, регрессия, кластерлеу және ассоциация ережелерін қолдану мүмкіндігі бар. KNIME — деректер талдау, статистикалық модельдеу және машиналық оқытуға арналған бағдарламалық платформа болып табылады. Мұнда оқушылар деректерді алдын ала өңдеу, талдау және машиналық оқыту модельдерін құру процесін меңгереді. RapidMiner — деректерді талдау, машиналық оқыту және жасанды интеллект үшін қолайлы құрал. Артықшылығы визуалды жұмыс ағындары арқылы деректерді талдауға мүмкіндік береді және алгоритмдер мен модельдерді жылдам қолдануға болады. Оқушылар деректерді талдауды және машиналық оқыту модельдерін құруды үйрене алады. TensorFlow — кеңінен қолданылатын ашық бастапқы кодты машиналық оқыту кітапханасы. TensorFlow.js және TensorFlow Lite кітапханалары жасанды интеллект моделдерін JavaScript немесе мобильді құрылғыларда қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар терең оқыту моделдерін құру және машиналық оқытудың негізгі принциптерін түсіну үшін қолдана алады. Microsoft Azure Machine Learning Studio — бұл мәліметтерді өңдеуге және машиналық оқыту моделдерін құруға арналған платформа. Артықшылығы визуалды интерфейс, кеңінен қолданылатын машиналық оқыту құралдары. Әртүрлі алдын ала дайын модельдер мен деректер жиынтықтары бар. Оқушылар машиналық оқыту модельдерін құру және оларды нақты деректермен тексеру үшін пайдалана алады. Google Colab — бұл Python тілінде жазылған кодтарды орындауға арналған құрал, көбінесе жасанды интеллект және машиналық оқыту жобаларында қолданылады. Артықшылығы жеке ноутбуктерде жұмыс істей отырып, машиналық оқыту бағдарламаларын іске қосу мүмкіндігі бар. Оқушылар Python тілінде жасанды интеллект пен машиналық оқыту негіздерін үйрене алады. Scikit-learn — Python бағдарламалау тілінде жазылған ашық бастапқы кодты кітапхана, бұл машина оқыту және деректерді талдауға арналған құралдарды ұсынады. Бағдарлама деректерді өңдеу, классификация, регрессия, кластерлеу сияқты әр түрлі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оқушылар Scikit-learn кітапханасын қолданып, нақты деректермен жұмыс жасау арқылы машиналық оқытудың негіздерін меңгереді. Бұл бағдарламалар мен құралдар оқушыларға жасанды интеллект, машиналық оқыту және деректерді талдау негіздерін үйрету үшін өте

тиімді. Олардың көбі визуалды интерфейсін ұсынады, сондықтан білім алушылар үшін түсіну және қолдану оңай болады. Әрбір бағдарлама өз ерекшеліктеріне ие, сондықтан оқу мақсаттарына байланысты таңдау жасау маңызды.

Orange Data Mining бағдарламасында практикалық мысал ретінде деректерді өңдеу және классификация жасау процесін көрсетейік. Бұл мысал Ирис гүлдерінің мәліметтері (Iris Dataset) негізінде жасалады, ол деректердің бірнеше түрі бойынша гүл түрлерін классификациялауға мүмкіндік береді. Мақсат: Ирис гүлінің түрін оның физикалық қасиеттері бойынша болжау (мысалы, гүлдің жапырақтарының ұзындығы мен ені).

Orange бағдарламасында Iris Dataset жинағын жүктеу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

Бірінші деректерді жүктеу. File виджеті арқылы деректер жиынтығын жүктей аламыз. Iris мәліметтерін жүктеу үшін "Iris" деп іздеуге болады немесе өзіміз деректерді CSV форматында жүктей аламыз. Екінші деректерді көру және өңдеу: Data Table виджеті арқылы деректерді көруге болады. Бұл кестеде әрбір гүл үшін 4 параметр (жапырақтың ұзындығы, ені, гүлі ұзындығы, ені) және Гүл түрі (Iris-setosa, Iris-versicolor, Iris-virginica) көрсетіледі. Деректерді өңдеуге арналған бірнеше құралдар бар. Мысалы, егер деректерде бос ұяшықтар болса, оларды толтыру немесе жою үшін Impute виджетін қолдануға болады. Үшінші классификация модельін құру: Test & Score виджеті арқылы деректерді оқыту және бағалау үшін модель құра аламыз. Классификация алгоритмін таңдау үшін Logistic Regression немесе Random Forest сияқты әдістерді пайдалану ұсынылады. Logistic Regression виджетін таңдау арқылы деректердің үлгісін жасай аламыз. Test & Score виджетінде, "Class" өрісі ретінде гүлдің түрі белгіленеді (яғни, Iris түрі классификацияланатын параметр). Төртінші нәтижелерді бағалау: Confusion Matrix виджетін пайдалану арқылы модельдің нәтижелерін бағалауға болады. Бұл матрица модельдің болжамдары мен шын мәніндегі гүл түрлерінің сәйкестігін көрсетеді. Әрбір гүл түрі үшін дұрыс және қате болжамдар көрсетіледі. Бесінші модельдің өнімділігін тексеру: ROC Curve немесе Precision-Recall графиктері арқылы модельдің тиімділігін тексеру үшін басқа бағалау құралдарын қолдануға болады. Алтыншы нәтижелерді талдау және интерпретациялау: Scatter Plot виджеті арқылы деректерді 2D немесе 3D кеңістігінде көрсетуге болады, бұл гүлдердің түрлерінің бір-бірінен қалай ерекшеленетінін көруге мүмкіндік береді.



Сурет 2. Деректердің визуалды кескіні

Бұл график арқылы әрбір гүлдің түрі бойынша деректердің таралуын визуализациялауға болады. Orange Data Mining бағдарламасы арқылы жасалған осы классификация процесі оқушыларға деректерді өңдеу, модельдер құру және нәтижелерді бағалауды үйренуге мүмкіндік береді. Визуалды интерфейс және әр түрлі виджеттермен жұмыс істеу оқушыларға жасанды интеллект және деректер талдаудың негізгі әдістерін түсінуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, біз ұсынған бағдарламалық жасақтаманы оқыту әдістемесіне қолдану жасанды интеллектті оқытуда тиімдірек болып табылады. Себебі жасанды

интеллекті оқытуда теориямен шектеліп қалу білім сапасы үшін жеткіліксіз. Сондық осы бағдарламаларды қолдану арқылы теория мен практиканы интеграциялау маңызды қадам болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы. 1 – тарау, 1 – бағыт.
2. Левченко, И. В., Садыкова, А. Р., Карташова, Л. И., Меренкова, П. А. Обучение искусственному интеллекту в средней школе: от разработки до практики // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Информатизация образования. — 2023. — Т. 20, № 3. — С. 265–280. — DOI: 10.22363/2312-8631-2023-20-3-265-280.
3. Guerreiro-Santalla, S., Bellas, F., Duro, R. J. Artificial Intelligence in Pre-University Education: What and How to Teach // Proceedings. — 2020. — Т. 54. — С. 48. — DOI: 10.3390/proceedings2020054048.
4. Mota-Valtierra, G., Rodríguez-Reséndiz, J., Herrera-Ruiz, G. Constructivism-Based Methodology for Teaching Artificial Intelligence Topics Focused on Sustainable Development // Sustainability. – 2019. – Т. 11, № 4642. – С. 1–18. – DOI: 10.3390/su11174642.
5. Estevez, J., Garate, G., Lopez-Guede, J. M., Graña, M. Using Scratch to Teach Undergraduate Students' Skills on Artificial Intelligence // Proceedings of the Workshop on Artificial Intelligence Education. – 2019. – Т. 1. – С. 1–12. – DOI: 10.48550/arXiv:1904.00296.
6. Xie-Li, D; Arias-Méndez, E. Artificial intelligence in stem education: interactive hands-on environment using open source electronic platforms // Tecnología en Marcha. Vol. 36, special issue. June, 2023. IEEE Latin American Electron Devices Conference (LAEDC). Pág. 45-52. – DOI <https://doi.org/10.18845/tm.v36i6.6759>
7. Destéfano, P., Smith, J., & Elman, T. (2024). Integrating philosophy and AI education. *Journal of Educational Innovations*, 19(1), 45–62.
8. Latysheva, M., Ivanov, K., & Petrova, L. (2023). Project-based learning in artificial intelligence. *Educational Technology Research*, 21(2), 89–103.
9. Mota-Valtierra, L., & González, A. (2019). Constructivist approaches in AI education. *Computing and Education Journal*, 15(3), 55–70.
10. Cu, R., & Fujimoto, S. (2023). Customizable teaching frameworks in AI. *International Journal of Computer Science Education*, 28(4), 32–48.
11. Tedre, M., Sutinen, E., & Toivonen, H. (2021). Machine learning in school curricula. *Computing Education Review*, 27(3), 12–25. DOI - 10.1109/ACCESS.2021.3097962

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-27-29

УДК 37.036

РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА В ПРОЦЕССЕ СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ

АБИШЕВА ЛАЗЗАТ ПРНАЗАРОВНА

Кандидат педагогических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Шымкент, Казахстан

АЛТЫНБЕК ҰЛЖАЛҒАС САБЫРҚЫЗЫ

Студент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Шымкент, Казахстан

Аннотация. Исследовательский вопрос в рамках данной работы заключается в выяснении влияния принадлежности к этническим группам на процесс профессиональной адаптации в образовательной среде. На сегодняшний день, известно достаточно много публикаций по проблеме социально- профессиональной адаптации.

Ключевые слова: адаптация, молодые педагоги, социально-экономическое развитие, факторы профессиональной адаптации.

Социально-педагогическая деятельность выделилась из педагогической деятельности и по своей сущности очень близка к ней, однако имеет и свою специфику. Рассмотрим педагогическую и социально-педагогическую деятельность в сопоставлении, для того чтобы выявить их отличительные особенности.

«Педагогическая деятельность – это разновидность профессиональной деятельности, направленная на передачу социокультурного опыта посредством обучения и воспитания, на создание условий для личностного развития обучаемых» [1, с. 104].

Профессиональная педагогическая деятельность осуществляется педагогами в дошкольных и общеобразовательных учреждениях, учреждениях профессионального и дополнительного образования, а также в других образовательных учреждениях различных типов и видов. В данных учреждениях деятельность носит нормативный характер, так как она регламентирована образовательными стандартами, учебными планами, программами и предполагает использование установленных форм и средств обучения и воспитания, методической литературы и других атрибутов образовательного процесса.

«Педагогическая деятельность имеет непрерывный, планомерный характер, поскольку все дети обязательно должны пройти определенные образовательные уровни, т.е. она равно направлена на всех детей. Кроме того, объектом педагогической деятельности могут быть и взрослые, как, например, в системе профессионального образования».

«Социально-педагогическая деятельность направлена на разрешение различных трудностей личности или группы, имеющих социальное педагогическое содержание: проблемы самореализации; проблемы формирования социальных потребностей и способностей; ослабление или устранение девиантностей, зависимостей различной этимологии; проблемы социальной, профессиональной, школьной дезадаптации; проблемы различных уровней социализации личности; проблемы формирования здорового образа жизни и другие; проблемы социальных зависимостей (алкогольной, наркотической и т.д.)».

«Главной целью социально-педагогической деятельности является достижение, формирование социальной активности личности. Конечным результатом социально-педагогической работы должно стать определенное изменение самой личности, выступающей объектом социальное педагогического воздействия, ее качественных параметров – социальная активность личности» [3, с. 65].

Содержание социально-педагогической деятельности рассматривается многими авторами. Каждый автор рассматривает его с разных сторон, но единого понимания данного явления не достигнуто.

Например, авторы учебного пособия «Методика и опыт работы социального педагога» Ю.В. Василькова и Т.А. Василькова говорят в основном о работе социального педагога только с детьми и семьей по проблеме воспитания, но ни словом не упоминают социальнопедагогическую деятельность. Следует понимать, что социальнопедагогическую деятельность они отождествляют с работой социального педагога.

М.А. Галагузова в разделе «Основы социально-педагогической деятельности» выделяет виды социально-педагогической деятельности: социально-педагогическую работу в общеобразовательных учреждениях, в детских общественных организациях, с семьей, с детьми разной категории, с конфессиями.

Л.В. Мардахаев в своем учебнике по педагогике отмечает, что «социально-педагогическая деятельность – это деятельность человека, имеющая свои цели, средства, учитывающая социальные условия и решаемые проблемы, соответствующий результат» [3, с. 66].

Социально-педагогическая деятельность всегда является адресной, она направлена на решение индивидуальных проблем конкретного ребенка, которые возникают в процессе его социализации, интеграции его в общество.

Для этого изучается личность ребенка и среда, которая его окружает, составляются индивидуальные программы помощи ребенку. Соответственно, социально-педагогическая деятельность локальна, она ограничена тем временным промежутком, в течении которого решается проблема ребенка.

Основными направлениями социально-педагогической деятельности являются:

«• деятельность по профилактике явлений дезадаптации (социальной, психологической, педагогической), повышению уровня социальной адаптации детей и молодежи посредством их личностного развития;

• деятельность по социальной адаптации и реабилитации детей и молодежи, имеющих те или иные отклонения от нормы» [17, с. 104].

«Социально-педагогическая деятельность – это разновидность профессиональной деятельности, направленная на оказание помощи ребенку в процессе его социализации, освоения им социокультурного опыта и на создание условий для его самореализации в обществе.

Осуществляется она социальными педагогами, как в различных образовательных учреждениях, так и в других учреждениях, организациях, объединениях, в которых может находиться ребенок» [1, с. 105].

Социальный педагог является организатором социальнопедагогической деятельности, а также посредником, который использует потенциальные возможности социума для оказания необходимой помощи личности, нуждающейся в ней. Соответственно, принадлежность к «социально-педагогическому» будет определяться учетом потенциальных возможностей социума для разрешения проблем личности.

«Целью деятельности социального педагога является создание условий для психологического комфорта и безопасности ребенка, удовлетворение его потребностей с помощью социальных, правовых, психологических, медицинских, педагогических механизмов предупреждения и преодоления негативных явлений в семье, школе, ближайшем окружении и других социумах.

Для того чтобы реализовать данную цель, необходимо иметь представление об особенностях развития ребенка и ту среду, в которой он развивается. Ребенок, как правило, не осознает свои проблемы, и объяснить их не может. Поэтому негативно влияющие на ребенка факторы специалистам часто приходится выявлять самостоятельно.

Социально-педагогическая деятельность в школе направлена на достижение следующих целей:

- «- способствовать устранению и преодолению специфических трудностей в процессе социализации школьников из социально неблагополучных семей и слоев общества;
- развивать процесс опережающей социализации, т.е. знакомить всех учащихся, независимо от их происхождения, с их ролевыми перспективами и шансами в обществе, с общественными запросами, готовить их к критическому восприятию этих перспектив;
- способствовать развитию личности и ее ориентации в социальных процессах на стадии обучения и выбора профессии;
- участвовать в разрешении потенциальных и готовых вспыхнуть конфликтов» [4, с. 51].

В социально-педагогической деятельности в школе принимают участие классные руководители, учителя-предметники, педагог-психолог, медицинский работник. Организует и координирует социальнопедагогическую деятельность социальный педагог, а непосредственное руководство и контроль за данной деятельностью осуществляет заместитель директора по учебно-воспитательной работе.

Основными направлениями социально-педагогической деятельности по социально-психологической адаптации пятиклассников являются: специально-психологическое, медико-социальное и организационно-воспитательное. Деятельность направлена как на детей, так и на родителей.

Для диагностирования проблемы социально-психологической адаптации пятиклассников к основной школе применяют методы наблюдение, анкетирование, тестирование, метод экспертной оценки, анализ документов и др.

Методами, способствующими социально-психологической адаптации пятиклассников при переходе из начальной в основную школу, являются тренинги, игровые методы, методы групповой дискуссии, а также метод консультирования.

Все методы социально-педагогической деятельности по социальнопсихологической адаптации пятиклассников к основной школе применяются не изолированно и не обособленно друг от друга, а в тесной взаимосвязи между собой.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мудрик А.В. Социальная педагогика: учебник для студ. Учреждений высш. проф. образования. М.: Издательский центр «Академия», 2013. 240 с.
2. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики: учебник для студентов высших педагогических учебных заведений. М.: Деловая книга, 2002. 416 с.
3. Нагавкина Л.С., Крокинская О.К., Косабуцкая С.А. Социальный педагог: введение в должность: сб. материалов. СПб.: КАРО, 2002. 269 с.
4. Никитина Л.Е. Социальный педагог в школе: учеб. пособие. М.: Гаудеамус, 2003. 111 с.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-30-32

ОӘЖ 37.013.42

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

АБИШЕВА ЛАЗЗАТ ПРНАЗАРОВНА

Педагогика кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к., Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

РЕЖЕПОВА АЙНҰР ТИМУРҚЫЗЫ

1801-11 тоының 4 – курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ТҮЙМЕКУЛОВА ФЕРУЗА

1801-11 тоының 4 – курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Аннотация. В этой статье рассматриваются конфликты между школьниками (буллинг) и способы разрешения конфликтов.

Кілт сөздер: мектеп оқушылары, қақтығыстар, әлеуметтік психологиялық көмек.

Барлық балалар үшін зорлық-зомбылықтан және әлімжеттілік қарым қатынастан қорғанумен қатар өмір сүруге, дамуға, тәрбиелеуге және білім алуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету кез келген мемлекет үшін әлеуметтік саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Балаларға қатысты ешқандай зорлық зомбылықты ақтауға болмайды және кез келген зорлық-зомбылық ескерілуі қажет.

Алайда бүкіл әлемде балалар отбасында, жергілікті қоғамдастықта және білім беру ұйымдарында – басқа оқушылар тарапынан да, мұғалімдер тарапынан да зомбылыққа тап болады. Ең басты қауіп төндіретін мәселе - жүйелі түрдегі зорлық-зомбылық -айдап салу мен буллинг.

Мектептегі оқушылар арасындағы қақтығыстар қазіргі білім беру жүйесінің маңызды мәселесі болып табылады. Өкінішке орай, айдап салу немесе қорқытуды кез-келген мектепте кездестіруге болады. Әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қақтығыстар білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Әр түрлі көріністегі қақтығыстардың салдары - тікелей де және жанама түрде - оқушылардың зияткерлік және жеке тұлғалық дамуына теріс әсер Өкінішке орай, көптеген оқушылар мен олардың ата-аналары буллингтің баланың дене және менталдық денсаулығы үшін зияны туралы жеткілікті біле бермейді. Соңғы уақытта біздің елімізде балалар ортасында буллингті ерте анықтау және алдын-алу мәселелеріне көп көңіл бөлінуде.

Осылайша, буллингтің алдын алу мәселесі қазіргі кезде өзекті болып табылады.

Білім беру ұйымдарындағы зорлық - зомбылықтың сипаты мен табиғаты әртүрлі, бір мезеттік қорлау түрінде, немесе жүйелі түрде кемсіту және айдап салу (буллинг) түрінде де көрінеді. Қақтығыстар физикалық және ауызша болуы мүмкін, зорлық - зомбылық әрекеттері мен жыныстық сипаттағы сөз айтуларда білдірілуі, айқын немесе айқын көрінбейтін гендерлік сипатқа бағытталған, материалдық пайдаға ұмтылу (бопсалау және заттар мен ақшаны тартып алу) сипатта көрінеді және барлық тартылған тараптарға әрқашан психологиялық жарақат келтіреді. Мектептегі қақтығыстар (буллинг) – белгілі бір балаға бағытталған қайталанатын агрессия, оның құрамында мәжбүрлеу мен қорқыту белгілері бар, кейде мұғалімдер тарапынан нақты немесе жасырын түрде қолдаулар болуы мүмкін фактор. Мектептегі айдап салу әртүрлі нысандарда пайда болуы мүмкін: физикалық және психологиялық агрессия, айқын қудалау және нашар қарым-қатынастың жасырын көрінісі. Буллингтің жасырын түрлеріне елемеу,

бойкот (толық қарсылық білдіру) жасау, қарым-қатынастан шығару, әртүрлі манипуляциялар, теріс пікірлер мен өсектерді әдейі тарату және т.б. - баланың өзін қорғансыз сезінетіні, балалардың тобынан шығарылғандығы, жалпы қабылданбаған теріс ортаны құру жатады. Буллинг - бұл тартылған тараптар арасындағы билік тепе-теңдігін көздейтін физикалық және вербалды сипаттағы зорлық-зомбылық. Жүйелі зорлық-зомбылық - айдап салу немесе буллинг ерекше қауіпті. Оқушыға қысым бір адам (оқушы немесе мұғалім), сондай-ақ бір топ тұлғалар да көрсетуі мүмкін. Ұялы байланыс пен интернеттің таралуымен және жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі белсенділігінің артуымен қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды - кибербуллингті қолдана отырып, қорқытудың жаңа түрі пайда болды.

Мектептегі буллинктің пайда болу себептері мен факторлары Зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдік жаста агрессияның пайда болуының негізгі себептері ата-ана сүйіспеншілігі мен қамқорлығының болмауы, жыныстық жетілу және психологиялық өсу, тұқым қуалаушылық және өзіне назар аударту ниеті болып табылады. Отбасындағы зорлық-зомбылықты бастан кешірген балаларда ашулануға (47,9%) және физикалық агрессияға (39,5%) өз отбасыларындағы зорлық-зомбылық мәселелері туралы хабарламаған балалармен салыстырғандағы бейімділік (тиісінше 24,8% және 27,5%) жоғары. Бұл отбасында ата-аналардың зорлық-зомбылықты, төбелесті, ұрыс-керісін көріп өскен немесе психологиялық және физикалық зорлық зомбылыққа ұшыраған балалар үнемі ашу-ыза мен физикалық агрессияға бейім болады.

Кейбір балалардың басқаларға қатысты қатыгездігін түсіндіретін негізгі факторлар:

- білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты ішкі агрессивтілік. Бұл жасөспірімдердің жеке басындағы дағдарыс кезінде шиеленіседі, бірақ мектеп оқушыларының шамамен 60% - ы дәл осы жас тобына жатады;

- мектеп оқушыларының өмір сүруінің алдыңғы тәжірибесі, оның ішінде өзінің агрессивтілігінің көрінісі және жақын ортадағы ұқсас көріністерді байқауы -отбасында, құрдастарының референттік (маңызды) тобында, бұрын барған білім беру ұйымдарында болуы;

- коммуникативтік дағдыларды дамытудың жеткіліксіз деңгейі, оның ішінде мысалдар мен күш қолданбайтын өзара қарым-қатынастар тәжірибесінің және өз құқықтары туралы білімінің болмауы;

- мектеп ортасының ерекшеліктері (авторитарлы-директивті басқару стилі, билік пен бағыну қағидаттарына негізделген сынып ішіндегі қатынастар жүйесі)

Буллинктің ең танымал зерттеушісі Дэн Олвеус буллинкті топтағы өзара әрекеттесудің стереотипі, қатысушылардың билігі немесе күштердің теңсіздігі жағдайында жүйелі бағытталған агрессивті мінез-құлық ретінде анықтайды. Сонымен қатар, ол буллинктің үш негізгі критерийін анықтайды:

- ниеттілік;
- жүйелілік;
- билік немесе күш теңсіздігі.

Қызғаныш, кек, дұшпандық сезімі, «әділеттілікті» қалпына келтіру, билік үшін күрес, көшбасшыға бағыну, қарсыласты бейтараптандыру, өзін өзі растау және т.б. балаларды қорлауға итермелеу кейбір оқушылардың өздерінің біреуді азаптауға құмарлық қажеттіліктерін қанағаттандыруы мүмкін.

Мектеп оқушылар арасындағы жағымсыз құбылыстарды ескерту және алдын алу бойынша мемлекеттік институттар жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, балалар арасындағы жеке қақтығыстарды шешу немесе айдап салу объектісі болып табылатын белгілі бір балаға қолдау көрсету арқылы буллинкті жеңу қиын. Буллинг - бұл балалар, балалар мен ересектер арасындағы мектептегі балалар ортасындағы қатынастардың қалыптасқан жүйесі, ол көбеюге бейім. Осыған байланысты мектептегі айдап

салудың қалыптасқан қатынастарын жеңу, жүйелі көзқарасты, яғни мектеп, сынып, нақты балалар деңгейінде жұмыс істеуді талап етеді.

Буллингті жеңу бойынша жұмыс - бұл қудалау процесіне қатысқан барлық қатысушылардың мінез-құлқы мен қарымқатынасының өзгеруі болып табылады.

Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша профилактикалық бағдарламалар бірнеше ережелерге сәйкес болуы тиіс:

- ағартушылық бағдарламаларды баланың білім беру ұйымында оқытудың барлық кезеңінде жүзеге асыру қажет;

- бағдарламалар барысында агрессивті мінез-құлық, оның психикалық, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатқа әсері туралы нақты және жеткілікті ақпарат берілуі тиіс; зорлық зомбылық және оның түрлері туралы берілетін ақпарат анық болуы және қоғам үшін теріс құбылыстардың одан әрі салдары туралы білім беруі тиіс; •

- салауатты өмір салтын насихаттау керек және өмірлік дағдыларды ақпараттандыруға басты назар аудару, күйзеліс, өмірлік сәтсіздік, оқшаулау кезінде жағымды құбылыстардың пайда болуына ықпал етуші;

- ақпараттық жұмыс бұрыштары рәсімделіп безендіріледі, берілген тақырыптарда суреттер мен плакаттар байқауы, ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен тақырыптық іс-шаралар, дискуссия, лекциялар, сауалнамалар, психологиялық тренинг, рөлдік ойындар, пікірталастар өткізіледі, осы жас ерекшелік кезеңімен жұмыс істеуге арнайы дайындалған прокуратура қызметкерлері, психиатр наркологтер, дәрігер-мамандар, психологтер мен әлеуметтік педагогтар тартылады. Мектеп өмірінің тәжірибесіне іскерлік және рөлдік ойындар, психологиялық тренингтер сияқты жаңа педагогикалық технологияларды енгізу қажет. Оқушылар мен ересектердің кез келген бірлескен қызметі қалыптасқан өзара қарым-қатынас жүйесін айтарлықтай өзгерте алады.

Мәселенің ауқымдылығы мен күрделілігіне қарамастан, білім беру жүйесі оқушылар арасындағы қақтығыстарды алдын алу үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Оның кәсіби және ұйымдастырушылық ресурсы, әлеуметтік ықпал ету саласы тұлғааралық қарым-қатынаста және бірлескен қызметте зорлықзомбылықты болдырмау және өзара сыйлауға негізделген мінез-құлық моделін қалыптастыру мақсатында білім беру процесінің барлық қатысушыларына кешенді және жүйелі ықпал етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілі және Норвегияның Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі. Астана, 2013. <http://unicef.kz/uploads/posts/00000837.pdf> (өтініш берілген күні: 30.05.2015).
2. zakon.kz <https://www.zakon.kz/5002544-kazhdyy-pyatyykazahstanskiy-podrostok.html>
3. Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Педагогикалық қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал / Л. А. Глазырина, М. А. Костенко; под ред. Т. А. Епоян. – М., 2015. <https://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214741.pdf>
4. Петрановская Л. В. «Травли NET». Ой тоқтату туралы балаларға арналған жәрдемақы
5. Орта мектеп психологының анықтамалығы. 2014

DOI 10.24412/2709-1201-2024-312-33-36
ОӘЖ 37.032

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУДА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

АХМЕТОВА ЭЛЬМИРА КАЛДЫБЕКОВНА

Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ДҮЙСЕНБІ СЫМБАТ БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

1801-11 тобының 4 – курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

***Аннотация.** Қазіргі уақытта зорлық-зомбылық пен агрессия мәселесі зерттелуде. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі өзекті болды. Бүгінгі таңда қорқыту тек отбасы шеңберінде ғана емес, оның көріністері қоғамның көптеген әлеуметтік институттарында, соның ішінде білім беру саласында да байқалады және әлеуметтік педагогтың назарын жиі аударады.*

***Кілт сөздер:** мектеп оқушылары, қақтығыстар, әлеуметтік психологиялық көмек.*

Мектеп – оқушылар арасындағы келеңсіз құбылыстардың алдын алу және алдын алу бойынша мемлекеттік мекемелер жүйесіндегі ең маңызды буын. Бұл жұмыста әлеуметтік педагогтың алатын орны ерекше [1].

Кәметке толмағандар арасындағы келеңсіз құбылыстардың алдын алу жұмысы әлеуметтік педагог қызметінің басым бағытына айналады.

Мектептегі мектеп қорқытуының алдын алу бойынша әлеуметтік педагогтың профилактикалық бағдарламасы бірқатар ережелерге сәйкес болуы керек: білім беру бағдарламалары баланың білім беру ұйымында білім алуының бүкіл кезеңінде жүзеге асырылуы керек; бағдарламалар агрессивті мінез-құлық, оның психикалық, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатқа әсері туралы нақты және жеткілікті ақпаратты қамтамасыз етуі керек; зорлық-зомбылық және зорлық-зомбылық түрлері туралы, ұсынылатын ақпарат анық болуы және келеңсіз құбылыстардың қоғам үшін одан әрі зардаптары туралы білім беруі керек; Салауатты өмір салтын насихаттауға және күйзеліске, өмірдегі сәтсіздіктерге, оқшауланған сәттерде жағымсыз құбылыстардың пайда болуына ықпал ететін тілекке қарсы тұру үшін маңызды өмірлік дағдыларды ақпараттандыруға баса назар аудару керек.

Залдардың жұмыс панельдері құрастырылуда, сурет байқаулары, берілген тақырып бойынша плакаттар, ата-аналар мен оқушылардың өздерінің қатысуымен тақырыптық іс-шаралар, әңгімелер, лекциялар, сауалнамалар, психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар, талқылаулар, прокурорлар, Осы жас тобындағы студенттермен жұмыс істеуге арнайы дайындалған психиатрлар, наркологтар, медицина мамандары, психологтар тартылған.

Іскерлік және рөлдік ойындар, психологиялық тренингтер сияқты жаңа педагогикалық технологияларды мектеп өмірінің тәжірибесіне енгізу қажет. Мектеп оқушылары мен ересектердің кез келген бірлескен қызметі (әрине дұрыс ұйымдастырумен) қалыптасқан қарым-қатынастар жүйесін айтарлықтай өзгертуі мүмкін.

Білім беру ұйымдарында бұзақылықтың алдын алу үшін мыналарды ұйымдастыру және өткізу қажет: «Даңқ минуты», «Жұлдыздар фабрикасы» және т.б. сияқты балалар өз ойын білдіретін және эмоционалды күшейтілген іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; «Құрмет тақтасы» немесе «Біздің жетістіктеріміз». Әр сыныпта жасөспірім туралы ақпарат (фотосуреттер, оның жұмысы, оның армандары, дөңгеленген қолы, сыныптастарына тілегі, оның қалаулары, жетістіктері мен болашаққа жоспарлары) орналастырылған тақта

ұйымдастырылады. Ақпарат эмоционалды позитивті болуы керек. Сыныптастары мен мұғалімдерімен кері байланыс үшін орын болуы мүмкін; «Біздің жетістіктеріміз» ұйымы, әр оқушы қандай да бір қызықты және жағымды тәжірибеге бай іс-әрекеттерге тартылған кезде, содан кейін сыныпта (мектепте) оның жетістіктерінің көрмесі ұйымдастырылады. Бұл оқиғалар жасөспірімге өзін қызықты, маңызды, лайықты, сүйікті сезінуге мүмкіндік береді. Мұның бәрі эмоционалды ресурсты нығайтуға көмектеседі және балалар арасында зорлық-зомбылық сияқты фактордың пайда болуына жол бермейді.

Әлеуметтік педагогтың білім беру мекемесінде буллингтің пайда болуының, қоғамдағы патологиялардың, олардың салдарының (заңсыз, адиктивті, дивантты, суицидтік мінез-құлық, балалардың қараусыздығы, зорлық-зомбылық) алдын-алу әлеуметтік-педагогикалық жұмыс деп аталады. Сонымен қатар, алдын-алу деңгейінде алдын-алу әр түрлі ауытқулардың-моральдық, физикалық, психологиялық және әлеуметтік аспектілердің алдын алуды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама коммуникативті қасиеттерді дамытуға, өзін-өзі көрсету дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі ойындар мен жаттығулардан тұрады. Бағытталған жаттығуларға жанжалды жағдайларды шешу дағдыларын дамыту, агрессивті және дұшпандық реакцияларды азайту, сондай-ақ жанжалда сындарлы жауап беру дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Бағдарламада сонымен қатар ұжымды біріктіруге, ұжымдағы тұлғааралық қатынастарды оңтайландыруға және толеранттылық пен эмпатияны дамытуға бағытталған жаттығулар бар.

Педагог-психолог өз қалауы бойынша оларды топтастыра және біріктіре алады - ол қойған мақсаттарына байланысты, жасөспірімдермен қорқытудың алдын алу мәселесі бойынша жұмыс істей алады. Әр сабақтан кейін үй тапсырмасы беріледі, ол келесі жылдың басында талқыланады. Үй тапсырмалары жаттығу жаттығуларымен байланысты.

